

ӘЙЕЛДЕР ШЫДАМДЫЛЫҚ
ПЕН ЕҢБЕКҚОРЛЫҚТЫҢ
ҮЛГІСІ



5-БЕТ



ҚЫЛМЫСҚА
ЖОЛ
АШАТЫН ДА,
АРТЫНАН
БАРМАҚ
ТІСТЕП
ӨКІНЕТІН ДЕ
- ӨЗІМІЗ

6-БЕТ

ҚОРҚАУЛАР



8-БЕТ

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯСЫ

БІЗГЕ
30

1994-2024

• СҰХБАТ

zangazet@mail.ru

№72 (3701)
20 қыркүйек 2024



7 10497 94351 2

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАУАР БИРЖАСЫ БАҒАҒА БАҒДАР БОЛА АЛМАЙ ОТЫР



Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биржалық сауда мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы дайындалып, талқыға түсті.

(Соңы 5-бетте)

Жақып ХАЙРУШЕВ,
«Атамекен» Ұлттық
кәсіпкерлер палатасының
басқарушы директоры:

«ҚАЗАҚСТАН ӨЗ ЯДРОЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫН ДАМЫТА АЛАДЫ»

– Қазақстанда атом энергетикасын дамыту климаттың өзгеруіне қарсы күрес тұрғысынан қаншалықты тиімді деп санайсыз?

– Атом электр станцияларының экологияға теріс әсер етуі туралы негізгі пікірлердің бірі – үлкен апаттар қаупімен қатар, пайдаланылған ядролық отынды (ПЯО) жою мәселесінің болуымен байланысты МАГАТЭ мәліметі бойынша, 1954 жылдан бастап атом реакторларын пайдаланған кезеңде бүкіл әлемде шамамен 370 мың тонна ПЯО жинақталған. Қазақстанда көмір жағу нәтижесінде жыл сайын 19 миллион тонна күл және шлак қоспалары бөлініп шығады, ал көмір энергетикасының дамуы нәтижесінде жинақталған шлак қалдықтарының жалпы көлемі 300 миллион тоннаға жетеді.

Бұл қалдықтардың құрамында да қауіпті радиоактивті элементтер бар. Сондықтан, улы қалдықтарды жою мәселесі тек атом энергетикасына ғана тән емес. Сонымен қатар, ПЯО-ны толығымен қалдық деп атауға болмайды. Жинақталған ПЯО-ның 32,4%-ы немесе 120 мың тоннасы қайта өңделіп, МОХ-отын ретінде қайта қолданылады. Мұндай тұйық ядролық отын циклі атом өнеркәсібінің экологиялық тиімділігін арттырудың жана мүмкіндіктерін ашады.

Қазіргі заманғы 1000 МВт қуатты АЭС жылына бар-жоғы 50 м³ радиоактивті қалдық жинақтайды. 60 жыл бойы жұмыс істегенде, мұндай АЭС тек 50 теміржол вагонына тең қалдықтарды жинайды. Бұл өте аз мөлшердегі зиянды қалдық. Қазақстанда әлі АЭС жоқ, бірақ әр ел өз геологиялық, технологиялық және экономикалық жағдайларын ескере отырып, өз стратегияларын әзірлеуде. Қазіргі уақытта бірнеше елде пайдаланылған ядролық отынды (ПЯО) терең геологиялық қабаттарда сақтау үшін қоймалар салынууда. Бұл Финляндиядағы Олкилуото АЭС-інің жанындағы Онкало қоймасы және АҚШ-тың Невада штатындағы Юкка-Маунтин репозиторийі.

(Соңы 3-бетте)

• ТАЛҚЫ

АЭС: ШЕКСІЗ МҮМКІНДІКТЕР КӨЗІ

Қазақстанның энергетикалық саласы еліміздің экономикалық өсуі мен халықтың өмір сүру деңгейін көтеру үшін маңызды рөл атқарады. Соңғы жылдары Қазақстанның энергетика саласы қарқынды дамып келеді, алайда оның негізгі бөлігі көмір мен мұнайға тәуелді. Бұл дәстүрлі энергия көздері қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтіріп, парниктік газдардың шығарындыларын көбейтеді. Мұндай жағдайда экологиялық таза және тұрақты энергия көздерін іздеу қажеттілігі туындауда. Осы орайда, атом энергетикасы маңызды альтернатива ретінде қарастырылуда.

Атом электр станциясы арқылы энергия өндіру, біріншіден, парниктік газдардың шығарындыларын азайтуға мүмкіндік берсе, екіншіден, ұзақ мерзімді экономикалық пайда әкеледі. Алайда, АЭС құрылысы тәуекелдермен де байланысты, әсіресе апат қаупі мен радиоактивті қалдықтарды сақтау мәселелері көпшіліктің алаңдаушылығын тудырады.

Қазақстан – уран қорлары бойынша әлемде көшбасшы елдердің бірі. Бұл ресурс атом энергетикасын дамыту үшін негізгі артықшылық. Елдегі уранның мол қоры атом энергиясын пайдалануға мүмкіндік береді, бұл Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам болмақ. Энергия көздері арқылы ел экономикасының тұрақтылығын арттыруға бо-

лады. Сонымен қатар, атом энергетикасы экономикалық тиімділігімен де ерекшеленеді. АЭС-тің қызмет ету мерзімі 60-тан 100 жылға дейін созылуы мүмкін, бұл ұзақ мерзімді инвестиция ретінде қарастырылады. АЭС салу арқылы Қазақстан өзінің энергия қажеттіліктерін тек ішкі нарыққа ғана емес, экспортқа да бағыттай алады, бұл елдің экономикалық жағдайын нығайтуға ықпал етеді.

Атом энергетикасы көптеген артықшылықтарымен ерекшеленеді. Ең басты артықшылықтарының бірі – оның экологиялық таза энергия көзі болуы. Қазіргі таңда Қазақстанның негізгі энергия көздері көмір, газ және мұнай, алайда бұл ресурстардың қоршаған ортаға әсері өте жоғары. Көмір мен газды жағу нәтижесінде парниктік газдардың шығарындылары көбейіп, жаһандық климаттың өзгеруіне әсер етеді.



Атом энергетикасы парниктік газдардың шығарындыларын едәуір азайтып, климаттың өзгеруімен күресуде маңызды рөл атқара алады. Мысалы, 1000 МВт қуатты АЭС көмірмен салыстырғанда әлдеқайда аз шығарындыларға ие. Бұл Қазақстан үшін экологиялық таза әрі тұрақты энергия көзіне көшу мүмкіндігін береді.

Атом энергетикасының басты артықшылықтары бола тұра, оны дамытумен байланысты тәуекелдер мен қауіптер де бар.

(Соңы 3-бетте)

• ПАЙЫМ

ТЕРГЕУ СУДЬЯСЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ КЕҢ

Тергеу судьялары 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қызмет етіп келеді. Ал, 2018 жылы мемлекетіміздің әр облысында және маңызы бар қалаларында мамандандырылған тергеу соттары бой көтерді.

Жаңа институт бойынша, Қылмыстық кодекске, Қылмыстық процестік кодекске өзгерістер енгізілді. «Дұрыс әрекет максатқа жеткізер жолды дұрыс таңдаудан басталады», – демекші, дер кезінде құрылған тергеу соттары белсенді әрі сапалы қызмет атқарып, сотқа дейінгі іс жүргізуде азаматтардың құқығы мен мүддесін қамтамасыз ету кепілі ретінде өміршеңдігін көрсетті.

Тергеу судьясы – бірінші сатыдағы соттың судьясы, оның өкілеттігіне қылмыстық сот ісін жүргізуде адамдар құқығының, бостандығы мен заңды мүддесінің сақталуына сот бақылауын жүзеге асыру жатады. Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында тергеу судьясы күзетпен ұстау, ұйқамақ, лауазымынан уақытша шеттету, жақындауға тыйым салу, экстрадициялық қамақ, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу мәселелерін қарайды. Сонымен бірге, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу мерзімін ұзарту, күзетпен ұстау, ұйқамақ, экстрадициялық қамақ мерзімін ұзарту, кепіл қолдану, мүлікке тыйым салуды санкциялау мәселелері тергеу судьясының құзырында. Одан бөлек, тергеу судьясы анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың әрекетіне және шешіміне жасалған шағымды, тез бұзылатын немесе қылмыстық істі мәні бойынша шешкенге дейін ұзақ сақталуы елеулі материалдық шығынды қажет ететін заттай дәлелдемелерді өткізу туралы мәселені қарап, сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жәбірленуші мен куәнің айғақтарын сақтауға қояды. Сондай-ақ, адвокаттар мен прокурорларды қоспағанда, сотқа дейінгі іс жүргізуде процестік міндеттерді орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын тұлғаларға ақшалай өндіріп алуды қолдану да тергеу судьясына берілген.



Тергеу судьясы сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын органнан қаралып жатқан мәселе бойынша қосымша ақпаратты талап етуге, тиісті сотқа дейінгі іс жүргізудің барлық материалымен танысуға және оларды зерттеуге, процеске қатысушыларды сот отырысына шақыруға, олардан қылмыстық іс бойынша қажетті ақпаратты алуға құқылы.

Қылмыстық-процестік кодекстің 56-бабына сәйкес, егер күдікті өзіне азаптау және басқа да заңсыз әрекеттер қолданылғаны туралы арызданған немесе онда күш қолданудың ізі болған кезде тергеу судьясы қадағалаушы прокурорға көрсетілген фактілерді дереу тексеруді тапсыруға міндетті. Адамның құқығы мен бостандығын, ұйымның заңмен қорғалатын мүддесін заңсыз шектеу немесе өзге де бұзу фактілері анықталған кезде тергеу судьясы заң бұзушылыққа жол берген тұлғалардың жауаптылығы туралы мәселені шешу үшін жекеше қаулы шығарады.

Қорыта айтсақ, тергеу соты – конституциялық құқық пен бостандықты тиімді қорғауға мүмкіндік беретін тетік қана емес, қудалау органдары қызметін объективті түрде бағалау нысаны.

Берік УТЕЕВ,
Ақтау қалалық мамандандырылған
тергеу сотының төрағасы

• МІНБЕР

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ – ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚ ПЕН БЮРОКРАТИЯЛЫҚ КЕДЕРГІДЕН ҚҰТҚАРАДЫ

Өлемнің келбеті күн сайын өзгеріп жатқан қазіргі уақытта цифрлық технологиялар қарқынды дамып келе жатыр. Ақпараттық технология адамзаттың күнделікті өміріне терең дендеп, қоғамның барлық саласына жаппай енді. Еліміздің сот жүйесі де бұл үрдістен қалыс қалып отырған жоқ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сот жүйесіне үнемі назар аударып, соттар заманауи технологияның барлық жетістіктерін пайдалануға міндетті екенін еске салып келеді. Бұл орайда консервативті тәсілдерге орын жоқ. Сонымен бірге заман талабына сай технологиялық шешімдерді белсенді түрде енгізе отырып, уақыт ағымынан қалмау қажет.

«Процеске қатысушылар ІТ технологиялардың артықшылығын сезінуі қажет. Оларға өз ісінің ықтимал нәтижесі туралы білу маңызды. Ол үшін барлық мүдделі тараптарға сот жүйесінің ІТ қызметтері қолжетімді болуы керек. Дегенмен ақпараттың құпиялылығына қойылатын талаптар сақталуы тиіс. Бұл, шын мәнінде, күрделі міндет. Мұны терең зерделеп барып, ақылмен шешу керек», – деді Президент осы ретте.

Сот төрелігін жүзеге асыру процесіне ақпараттық технологияларды кеңінен енгізу – заман мен адам талабы екендігі сөзсіз. Бүгінде республика соттарында сот төрелігін

іске асыру процесін анағұрлым жетілдіріп, сот қызметіне ғаламтор арқылы қол жеткізуді қамтамасыз етуге ықпал ететін жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданылуда. Қарыштап дамыған ақпараттық технология күні өтіп бара жатқан қағазбастылық пен бюрократиялық кедергілерден арылуға үлкен мүмкіндік екені даусыз.

Қазіргі таңда салада «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі, «Электронды шақыру қағазы», «Сот құжаттарымен танысу», «SMS-хабарлама» сервисі, «QR-code» жүйесі, сенім телефоны, дыбыс-бейне жазатын құрылғылар, бейнеконференц байланыс арқылы сот төрелігін жүзеге асыру секілді жаңашылдықтар кеңінен пайдаланылады. Аталған ақпараттық сервистер ішінде азаматтар мен заңды тұлғалар үшін «Сот кабинеті» сервисінің тиімділігі жоғары. Ол арқылы азаматтар кез келген уақытта электронды түрде арыз, талап арыз, шағым мен өтінішхатты жолдап, сот актілерімен танысып, олардың орындалу барысын қадағалай алады.



Ерасыл САҚЫБАЙ,
ҚР Сот әкімшілігінің Алматы
қаласы бойынша департаменті
басшысының орынбасары

Тағы атап өтерлігі, еліміздің барлық соттары дыбыс-бейне жазба құрылғыларымен қамтамасыз етілген. Республикадағы сот отырыс залдары түгелдей дерлік дыбыс-бейне жазбасының жаңа жүйесімен жасакталған. Бұл жүйе жазылған ақпаратты бұрмалауға жол бермейді. Сонымен қатар сот отырыстары мобильді қосымша көмегімен қашықтан қаралууда.

Осы және өзге де ақпараттық технологияларды енгізгені бері соттарға жолданатын арыз-шағымдар мен істердің электронды түрде түсу көрсеткіші анағұрлым артқаны байқалады. Бұл артық қағазбастылықтың азайып, істердің мәні бойынша қаралуына көбірек назар аударылуына, істерді бұрмалау фактілерін болдырмауға ықпалын тигізуде.

Ақпараттық технологиялар халықтың уақыты мен қаражатын үнемдеуге, сот жүйесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге серпін бергені сөзсіз.

МЕДИАТОР ДАУДЫ ШЕШУГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ

мүддесіне қарсы өзге де қылмыстық істерде медиация рәсімі қолданылмайды. Бұл заңда көрсетілген.

Медиация – тараптардың даулы мәселесін өзара келісіп шешетін шара. Ортақ шешімге келуге судья емес, медиатор көмектеседі. Келісімге келсе, тараптар өзара жазбаша келісім шартын жасайды. Медиацияның соттан айырмашылығы көп. Біріншіден, медиацияда ұтқан, ұтылған тарап болмайды, себебі олар екі жаққа қолайлы мәмілеге келуді керек. Сот ісін ашу үшін бір тараптың арызы жеткілікті, ал медиацияға қос тарап келісіп барады. Медиация рәсімі сотқа жүгінуге қарағанда оңай. Сотқа жүгінуге тұлға талап арыз жазып, мемлекеттік бажды төлеуі қажет. Сот талап-арызды қабылдағаннан кейін

тұлға бірнеше айға дейін сот отырысын күтеді. Сотқа жүгінуге үшін заңгерге барады, қызметі үшін ақша төлейді. Ал медиацияда тараптар медиаторлар тізімінен қажет маманды тандап, еңбек ақысын (егер ақылы болса) бөліп төлейді. Сотта даудың жүру ұзақтығы сотқа байланысты болса, медиацияда тек қана тараптарға байланысты болады. Олар тіпті бір күннің ішінде мәмілеге келе алады. Қазақстанда кез келген адамның медиацияға жүгінуге құқы бар. Медиацияға ол сотқа дейін де, кейін де баруына болады.

Бейбітжан БАЗАРОВ,
Түркістан облысы кәмететке
толмағандар істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының бас маманы

• СОТ СӨЙЛЕСІН

Қазақстандық қазылардың жұмысы «Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі» туралы Конституциялық заңның аясында реттеледі. Бұл заң судьялардың қорғаны, жұмыс бағдары іспеттес. Үшінші биліктің беделін биіктетіп, қызметін жетілдіру мақсатында аталмыш заңға толықтырулар мен өзгерістердің енгізілуі қалыпты үрдіс. Жақында заң тағы бір жаңашылдықтармен толықты. Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, Астанада жаңа үш кассациялық сот жұмысын бастайтын болды.

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ – ХАЛЫҚ ҚАЛАУЫ

Жаңа үлгідегі кассациялық соттарды енгізу – халықтың қалауы. Себебі азаматтар бүгінгі күні тәжірибеде қолданылып отырған «Таңдап қарау кассациясына» көңілі толмайтынын үнемі айтып, көрсетіп келгенде ғана кассациялық алқаның қарауына өтеді. «Ісіміз Жоғарғы Сотта шешімін табады» деп күткен тараптар Жоғарғы Сотқа жолданған шағымдардың таңдаулылары жіберілетініне өкпелі болатын. Ел ішінде үнемі айтылатын бұл кемшілік Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен отандық кәсіпкерлер қатысқан жиында да талқыланды. Көпшіліктің уәжі мен ұсынысына қанышқан Президент дербес кассациялық инстанция құру мәселесіне тоқтала келе «Бүгінде қылмыстық және азаматтық істердің небәрі 5 пайызы ғана кассацияға жолданады. Бұл өте аз әрі азаматтар сұранысына сәйкес келмейді. Сондықтан өз алдына бөлек кассациялық инстанция құру мәселесі пісіп жетілді деп ойлаймын» дей келе, құзырлы органдарға арнайы тапсырма жүктеген болатын.

Мемлекет басшысының мәселені төтесінен қоюы өте орынды. Шындығында кассациялық сатыда барлық істерді қайта қарауға мүмкіндік болмады. Себебі, кассациялық сот алқасы өзінің қарауына жатқызылған сот істері мен материалдарын ғана қарау құзырына ие болды. Атап айтар болсақ Азаматтық процестік кодексіне сай оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралған, татуласу рәсімдерімен аяқталған, талап қою сомасы

2000 АЕК-тен кем болған кезде жеке тұлғалардың ісі кассацияда қаралмайтын. Сонымен бірге талап қою сомасы 30 000 АЕК-тен кем болған кезде заңды тұлғалардың мүліктік мүдделеріне байланысты істер де кассациялық алқаның назарына ұсынылмады. Қылмыстық сот ісін жүргізуде де шектеулер болды. Айталық қылмыстық теріс қылықтар туралы істер кассациялық сатыда қаралмайтын. Бұл өз кезегінде Ата Заңымыздың 13-бабының 2-бөлігінде көзделген әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар делінген қағидаға сәйкес келіңкіремеді. Ал Президент тапсырмасына сай дайындалған жаңа заңдық өзгерістер Астанада жұмысын бастағалы отырған үш кассациялық соттың сапалы қызмет етуіне жол ашпақ.

2025 жылдың 1 шілдесінде кассациялық соттардың тәжірибеге енгізілуімен кассациялық өтініштерді алдын ала қарау тәртібі жойылады. Осылайша алдағы жылдан бастап кассациялық сатыдағы істерді тараптарды шақыра отырып, ауызша сот процесінде істі талап ете келе, кемінде үш судья қатысатын алқа құрамы қарайтын болады.

Халықтың қалауына сай қолға алынған реформа халықтың сотқа деген сенімін нығайта түсері талассыз.

Әлия ТЕБЕРИКОВА,
Тасқала аудандық
сотының төрағасы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

• КИЕ

Мемлекеттік тіл – рухани құндылық. Тіл – атадан балаға мирас болып берілетін мұра. Себебі, тіл тұла бойымызға анамыздың ақ сүтімен сіңіп, балабақша, мектепте ұстаздарымыздың ұлағатымен дариды.



ТЕРГЕУ АМАЛДАРЫН ОРЫС ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗУ БАСЫМ

Сол тіліміздің мәртебесін арттыру, құрметтеу, қастерлеу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Өкінішке қарай, әлемде қолданыстан шығып қалған тілдер жоқ емес. Атап айтсақ, Үндістанда мемлекеттік тіл ағылшын тілі болса, хинди тілі тек тұрмыстық тіл деңгейінде қалып қойған. Ал, Марокконың, Алжирдің мемлекеттік тілі араб тілі болғанымен, француз тілі онымен теңдей дәрежеде қолданылады.

Ел Конституциясының 7-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл елдің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Алайда, мемлекеттік тілімізге қатысты олқылықтар туралы жиі жазылып келеді. Тіпті, еліміздің сот төрелігінде де мемлекеттік тілге қатысты мәселе жоқ емес. Себебі, «Құқық жүйесіндегі қазақ тілінің мәселелері және олардың шешу жолдары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда «Өкінішке қарай, сот процестерінің 70 пайызы орыс тілінде. Тіпті, кей өңірлерде, мәселен, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстары мен Алматы соттарында қазақ тілінің үлесі 5 пайыздан аспайды. Бұл жерде мәселе тек соттарда десек, қателесеміз», – деген еді Жоғарғы Сот төрағасы.

Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабында елімізде қылмыстық сот ісі қазақ тілінде жүргізілетіндігі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа да тілдер қолданылатыны көрсетілген.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады. Осы орайда, тергеу амалдарын жүргізетін тұлғалар тарапынан мемлекеттік тілімізді қолдану тасада қалып жатады, яғни, тергеу амалдарын орыс тілінде жүргізу басым. Өкінішке қарай, күдіктілердің мемлекеттік тілді білу деңгейі, тергеу амалдарын мемлекеттік тілде жүргізуге байланысты ойлар тергеушілермен анықталмай жатады. Маңғыстау соттарында құжат айналымы мемлекеттік тілде жүргізіледі. Атап айтқанда, ішкі құжаттар қазақ тілінде шығарылып, жедел кеңестер мен олардың хаттамалары қазақ тілінде жүргізіледі. Өңір соттарында өткізілетін семинар, дөңгелек үстелдердің де толығымен қазақ тілінде өткізіліп, спикерлердің қазақ тілінде ғана баяндама жасайтынын атап өткен жөн. Одан бөлек, аудандық соттарға, өзге мекемелерге құжаттар тек мемлекеттік тілде жолданады. Өңірдің әрбір судьясы, сот қызметкері қазақ тілін жетік меңгерген.

Мемлекет басшысы «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде» деді. Сондықтан, қасиетті тілімізді үйренуді әркім өзінен бастай отырып, тіліміздің құндылығын ұрпағымыздың санасына сіңіруді бесіктен, балабақша қабырғасынан қолға алуға тиіспіз.

Гульфирус КОЙБАГАРОВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

ӘРКІМНІҢ
ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!



6 қазан
октябрья

ВАЖЕН ГОЛОС
КАЖДОГО!

РЕФЕРЕНДУМ

www.election.gov.kz

«БЮЛЛЕТЕНЬ»

2024 жылы 6 қазанда «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді. Референдумда әр қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын қуәландыратын куәлікті көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтардың тізім негізінде беріледі. Бұдан кейін бюллетенді алу туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Кейін толтырылған бюллетенді дауыс беру жәшігіне саласыз. Әркімнің дауысы маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы

• СҰХБАТ



Жақып ХАЙРУШЕВ,
«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарушы директоры:

«ҚАЗАҚСТАН ӨЗ ЯДРОЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫН ДАМЫТА АЛАДЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл қоймалардың ерекшелігі – ПЯО-ны ұзақ уақыт қауіпсіз сақтау қабілетінде (жер сілкінісі, жанартау атқылауы, климаттың өзгеруі және контейнерлердің коррозиясы салдарларын ескере отырып). Онкало қоймасы 100 мың жылға дейін, ал Юкка-Маунтин репозиторийі 1 млн жылға дейін қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Біздің елімізде де осындай қауіпсіздікті сақтау қажет. Қазақстан үкіметі бұл жобаны жүзеге асыруда барлық халықаралық және ұлттық қауіпсіздік стандарттарын қатаң сақтап, жоспар-

лауды мұқият жүргізуі тиіс. Сонымен қатар, қоғаммен ашық диалог жүргізу және барлық мүдделі тараптарды жобаның әр кезеңіне тарту да маңызды рөл атқарады.

– **АЭС салу Қазақстанның шетелдік технологияларға тәуелділігін арттыра ма? Бұл тәуелділікті азайту үшін қандай шаралар қолдануға болады?**

– Бұл өте өзекті және нәзік мәселе, себебі атом электр станциясын салудағы ең маңызды шешімдердің бірі – ядролық технологияларды жеткізушіні таңдау. Бұл шешім елдің энергетикалық қауіпсіздігі мен экономикалық

дамуына ұзақ мерзімді әсерін тигізуі мүмкін. Қазіргі таңда әлемдегі жетекші елдер мен компаниялар АЭС салуда үлкен тәжірибеге ие. Олардың қатарында АҚШ, Франция, Ресей, Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея (мысалы, Westinghouse, EDF, Mitsubishi, Росатом, КЕРСО) бар. Бұл компаниялар АЭС салуда заманауи технологиялар мен сенімді жеткізілімдерді қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар, олардың кейбіреулері санкцияларға тәуелсіз жұмыс істей алады. Шетелдік технологияларға тәуелділікті азайту үшін біз халықаралық консорциум құру мүмкіндігін қарастыра аламыз. Мұндай консорциумға бірнеше елдер мен компаниялар қатысса, бұл тәуекелдерді азайтып, ең озық технологияларға қолжеткізуді қамтамасыз етер еді. Сонымен бірге, болашақта Қазақстан өз ядролық индустриясын дамыту мүмкіндігін де қарастыра алады. Әрине, бұл үлкен инвестицияларды талап етеді, бірақ бұл елдің ұзақ мерзімді тәуелсіздігіне ықпал ететін шешім болмақ.

– **Атом энергетикасына қатысты қоғамның алаңдаушылығы мен қарсылығын қалай азайтуға болады?**

– Қоғамдағы атом энергетикасына деген қарсылықты азайту үшін халықпен белсенді жұмыс істеу қажет.

• ТАЛҚЫ

АЭС: ШЕКСІЗ МҮМКІНДІКТЕР КӨЗІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлемдік тәжірибеде орын алған ірі апаттар (Чернобыль, Фукусима) қоғамның атом энергетикасына деген сенімін төмендеткені белгілі. Бұл апаттар атом электр станцияларының дұрыс басқарылмауы немесе табиғи апаттар кезінде бақылаудан шығуы жағдайында қаншалықты үлкен қауіп төндіретінін көрсетті. Осы себепті Қазақстанда да АЭС құрылысына қатысты қоғамның алаңдаушылығы орынды.

АЭС апаттарының ең үлкен салдарының бірі – радиациялық ластану. Радиоактивті заттар қоршаған ортаға таралған жағдайда олардың әсері ұзақ жылдар бойы сақталады, бұл экожүйеге және адам денсаулығына үлкен зиян келтіруі мүмкін. АЭС-тен шыққан радиоактивті қалдықтарды сақтау мен басқару – атом энергетикасының маңызды мәселелерінің бірі. Радиоактивті қалдықтарды дұрыс сақтамау қоршаған ортаға және халыққа қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан қалдықтарды қауіпсіз сақтау және жою технологиялары әрқашан басты назарда болуы тиіс.

Атом энергетикасының тәуекелдері мен қауіптері халық арасында үлкен алаңдаушылық туғызады. Қазақстанда АЭС салуға қатысты пікірталастар осы мәселеге қатысты ашықтық пен сенімнің жоқтығынан туындап отыр. Қоғамдық сенімді арттыру үшін үкімет халықпен ашық диалог жүргізіп, қауіпсіздік шаралары мен төтенше жағдайлардағы әрекеттер туралы ақпараттандыру жұмыстарын күшейтуі керек. Қауіпсіздік мәселелерін шешу үшін халықаралық стандарттарға сәйкес заманауи технологияларды қолдану қажет. Әлемдік тәжірибені ескере отырып, Қазақстан үкіметі АЭС құрылысын бастау алдында халықаралық қауіпсіздік нормаларын қатаң сақтау, халықты ақпараттандыру және тәуекелдерді азайтуға бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыруы тиіс. Атом энергетикасы әлемнің көптеген елдерінде кеңінен қолданылуда және әрбір ел бұл технологияны дамытудың

өзіндік жолдарын тапқан. Қазақстан АЭС салуды жоспарлап отырғандықтан, халықаралық тәжірибені мұқият зерттеп, сол елдердің жетістіктері мен кемшіліктерін ескеруі қажет. Бұл болашақта Қазақстанның атом энергетикасына қауіпсіз және тиімді дамытуына ықпал етеді.

Финляндияның атом энергетика саласындағы тәжірибесі Қазақстан үшін үлгі боларлықтай. Бұл елде радиоактивті қалдықтарды қауіпсіз сақтау мәселесі бойынша алдыңғы қатарлы технологиялар қолданылуда. Онкало жобасы – терең геологиялық қабатында радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймасы, ол келесі мыңдаған жыл бойы қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Бұл қойма табиғи апаттар мен адам факторына байланысты тәуекелдерді ескере отырып жасалған. Финляндияның тәжірибесі Қазақстанда да радиоактивті қалдықтарды қауіпсіз сақтаудың озық үлгілерін қолдануға мүмкіндік береді.

Франция – әлемдегі ең ірі атом энергиясын өндірушілердің бірі. Бұл елдің жалпы электр энергиясының 70%-ы атом станцияларынан өндіріледі. Францияда атом энергетикасы парниктік газдар шығарындыларын азайту және тұрақты энергия көздерін қамтамасыз ету үшін тиімді пайдаланылып келеді. Францияның тәжірибесі көрсеткендей, дұрыс жоспарланған және басқарылған АЭС ұлттық энергия қажеттіліктерін жабумен қатар, халықаралық энергетикалық нарықта да бәсекеге қабілетті бола алады.

АҚШ-та ядролық қалдықтарды ұзақ мерзімді сақтау үшін Юкка-Маунтин жобасы жүзеге асырылуда. Бұл қойма мыңдаған жылға дейін радиоактивті қалдықтарды қауіпсіз сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ететін жүйелермен жабдықталған. Сонымен қатар, АҚШ-та атом энергетикасын дамытуда қауіпсіздік стандарттарына ерекше мән беріледі. Қазақстан да осы тәжірибелерді зерттеп, ядролық қалдықтарды ұзақ мерзімге қауіпсіз сақтау мәселесін шешу үшін осындай жобаларды қарастыруы керек.

• БАСТАМА

ӘРБІР АДАМ ӨЗ ДӘЛЕЛІН ТЫҢДАТУҒА ҚҰҚЫЛЫ

Елімізде 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап кассациялық соттар құрылады. Бастама Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кассациялық сотты жасақтау жөніндегі тапсырмасынан соң жүзеге асты. Жаңа бастаманы тәжірибеге енгізу сот қаржысына нұқсан келтірмейді.



Тараптар өз ісінің сот отырысында қаралуы үшін мемлекеттік баж төлейді, сондықтан шағымның сотта қаралуын талап етуге құқылы. Ал оның орнына сот процесін жүргізбей-ақ, судьяның қолы қойылып, жеке-дара шығарған қаулысын алады. Осылайша, ол өзінің позициясын көпшілік алдында қорғау мүмкіндігінен айырылады. Дәл осы күрделі мәселе азаматтардың наразылығын тудырып, оның соңы наразылық акцияларына ұласатынын көзіміз көріп жүр. Соның салдарынан сот құрылымының қағидаттары бұзылады. Мұндай жағдайға жол бермеу үшін кассациялық сатыдағы сотқа шағым берген әрбір адамға өз дәлелін тыңдату құқығы беріліп, әрі оның ісі толық алқалы құрамда және жариялы түрде қаралуы тиіс.

Осы ретте шығарылған сот актілерінің тек бес пайызына ғана кассациялық тәртіпте шағым түсетініне Президенттің назар аударуы бекер емес. Өйткені қоғамда жеке және заңды тұлғалар арасында шағымдар ашық сот процесінде,

жария түрде қаралмайды деген теріс стереотип қалыптасқан.

Бірыңғай Жоғарғы кассациялық соттың құрылуы, тек Жоғарғы Соттың маңдайшасындағы жазудың өзгеруі емес, мұның соңы екеуінің арасында тартысқа ұласуы, бәсекелестікке алып келуі мүмкін. Мұндай жағдайдың қалыптасуынан сот процесіне қатысушылар зардап шегеді. Сондықтан біздің ойымызша барлық ұсыныстарды мұқият зерделеп, мәселені тек ел азаматтарының мүддесіне сай шешу керек. Егер жаңашылдықпен бір мезгілде қолданыстағы іс жүргізу заңнамасына өзгерістер енгізілмесе және толық кассацияның жұмыс істеу тетіктері қамтамасыз етілмесе, Жоғарғы Соттан кассациялық алқаларды бөлудің және дербес алқаларды құрудың ешқандай пайдасы болмайды.

Асылхан МИЗАНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының
төрағасы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

• БЕЗБЕН

ТӘРТІП БОЛҒАН ОРТАДА ТАТУЛЫҚ БАР

Сот билігі – мемлекеттік билік тармағының бірі. Заң шығарушы және атқарушы биліктен өзгешелігі – жалпыға ортақ жүріс-тұрыс ережесін шығармайды, атқару-басқару қызметімен айналыспайды.

Сот билігі қоғамда туындап отыратын нақты істер мен дауларды шешеді. Ондай істер мен даулар заңда бекітілген ерекше іс жүргізушілік тәртіпте қаралып, шешіледі. Іс жүргізу тәртібі қатаң сақталады, іс жүргізу нысаны бұзылған жағдайда істің мәні бойынша дұрыс шығарылған сот шешімі де бұзылып, іс қайта қарауға жіберіледі. Іс қарап, шешім шығарарда сот заң мен құқықтық санаға жүгінеді.

Сот қызметі құқық үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған, ол реттеушілік емес, қорғаушылық қызмет атқарады. Сот билігі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге, конституциялық құрылысты, саяси және экономикалық жүйені, азаматтардың, мемлекеттің және қоғамдық ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайды. Осы міндеттерге орай сот билігі заң шығарушы және атқару биліктерінде жоқ өкілеттіктермен қамтамасыз етілген. Сот шешім шығара отырып адамды бостандығынан айы-

ра алады, мүлкін тәркілейді, мемлекеттік органның шығарған шешімін бұзады, ата-аналық құқығынан айыра алады. Сот билігінің күші заңның мүлтіксіз орындалуында, құқыққа деген зор құрметте, қоғамның жоғары саяси және құқықтық мәдениетінде.

Конституцияның 13-бабы 2-бөлігіне сәйкес, әркімнің өз құқығы мен бостандығының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Адам құқығының бұзылуы – тек бір мемлекетті ғана емес, күллі әлемді алаңдатып отырған күрделі мәселе. Олай болса, азаматтар заң талабына бағынуға міндетті, заң болған жерде азаматтардың қалыпты өмір дағдылары және қоғамдағы тұрақтылық пен бейбіт өмір сақталары сөзсіз.

М.КУПЕНОВА,
Әкімшілік құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

• БАЗЫНА

ҚАЗАҚШАНЫ МЕҢГЕРГЕН ӨЗГЕ ҰЛТАР КӨПКЕ ҰЛГ

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Бұл туралы ел Конституциясында бекітілген. Бүгінгі таңда қазақ тілінде сөйлеушілер саны 16 миллионнан астам, бұл жағынан біздің ана тіліміз әлемдегі 40 тілдің қатарына енеді. Қазақ тілі ЮНЕСКО-ның Index Translationum статистикасы шығарған рейтинг желісінде ТОП-50 аударушы тіл қатарына енген.

Халел Досмұхамедов: «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел болмайды. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт», – деген. Қазақ тілі жойылатын болса, қазақ халқы да жойылады. Елімізде қазақ тілімен қатар, орыс тілі де қолданылады және халық арасында, әсіресе жастар арасында орыс тілінде сөйлейтіндер көбейіп келе жатыр. Ұлты қазақ бола тұра: «Мен қазақша білмеймін!» – дегендер саны жылдан жылға өсуде. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін, әрбір қазақ азамат-

ты қай жерде, қандай ортада болмасын ана тілінде сөйлеуі керек.

Тілдің құқығын қорғай отырып, шала қазақтар мен мемлекеттік тілді білмейтін, үйренуге талпынбайтын азаматтарға, елімізде тұрып жатқан қазақ тілін меңгерген өзге ұлт өкілдерін үлгі ретінде көрсетіп, еліміздің түкпір-түкпіріне жеткізу қажет. Ана тіліміздің тағдырына келгенде, кішіпейілділік пен қонақжайлылықты қойып, әркімнің ығына жығылмай, тек өз тілімізде сөйлесек қана, қазақ тілінің мәртебесі көтерілмек. Тек ана тіліміз арқылы ата-анаға, елге, Отанға, халыққа деген махаббатымызды жеткізе алатынымыз анық, олай болса, адам баласы өз анасын қалай сүйсе, өз тілін де солай сүйіп, құрмет тұтқаны абзал.

А.БАЙГЕЛОВА,
Қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

• САРАП

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылданып, әкімшілік әділет институтының тәжірибеде қолданылып келе жатқанына үш жылдан асты. Жаңа заңның қабылдануымен республикамызда әкімшілік алқа мен әкімшілік соттар жұмысын бастаған еді. Осы уақыт ішінде жаңа соттар жұмысын жүйелеп, істер бойынша бірыңғай тәжірибе қалыптастырып үлгерді. Дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымының сәтті енгізіліп, өз қызметін тиісті деңгейде атқарып келе жатқанына көпшілік куә.

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІҢ ИГІЛІГІН ЕЛ КӨРІП ОТЫР

Жалпы, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қоғамға, сот саласына әкелген артықшылығы аз емес. Әсіресе, бұл заң қарапайым халық пен заңды тұлғалардың сотқа талап қою берудегі әрекеттерін әлдеқайда жеңілдеткенін айта кетуіміз керек. Себебі, талап қоюшының міндеті әкімшілік орган тарапынан өзіне қатысты бұзылған құқықтар немесе мүдделер туралы талап қою, ал әкімшілік орган сотта талап қоюшыға қатысты ауыртпалық салатын әкімшілік актіні шығару себебін негіздеп беруі тиіс. Осыдан көріп тұрғанымыздай дәлелдеу ауыртпалығы енді әкімшілік органдарға жүктелген. Ал бұрын жария-құқықтық дауларда жеке және заңды тұлғалар әкімшілік органдардың әрекеті мен әрекетсіздігіне қатысты дау айтқанда өз сөзін дәлелдеуге киналатын. Талабын негіздеу үшін көптеген құжаттар мен анықтама-



лар жинау жеке адамдарға оңай тимейтін. Мемлекет басшысының өз жолдауында жария-құқықтық даулар бойынша азаматтар мен мемлекеттік аппараттың арасындағы теңсіздікті жоюды, әкімшілік әділет құрылымын енгізуді тапсырғаны да сондықтан.

Әкімшілік істерді шешуде соттың белсенді рөлі қағидатының енгізілуі де елеулі өзгерістің бірі. Осындай мүмкіндіктің арқасында дәлелдеме жинау кезінде белсенділік танытып, істің мән-жайларын неғұрлым толық анықтау үшін, талаптардағы ресми кәсіптіктерді жо-

• КӨЗҚАРАС

СОТ ҚҰЖАТТАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ДАЙЫНДАУҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

Елдің тәуелсіздігін айтқындайтын басты символы – Туы, Әнұраны, Елтаңбасы. Осы мемлекеттік рәміздердің қатарына мемлекеттік тілді де қосу маңызды. Себебі, тілсіз ұлт жоқ, тәуелсіз мемлекеттің де темірқазығы – тіл.

Қазақстан Республикасының Конституциясында қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілген. Сонымен қатар, еліміздің Азаматтық процестік кодексінде, Қылмыстық процестік кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде сот істерінің қазақ тілінде жүргізілетіндігі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа да тілдер қолданылатыны нақтыланған. Яғни, біздің елімізде азаматтардың сотқа қай тілде шағым беретініне қатысты қандай да бір шектеу жоқ. Бірақ, әрбір азамат мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейтуге үлес қосуы керек. Бұл жазылмаған заңдылық. Мұндай қағиданы сотқа арыз-шағым бергенде де ескеру керек.

Өкінішке қарай, қылмыстық істердің көпшілігі орыс тілінде қаралады. Бұған тергеу органдарының қылмыстық істерді орыс тілінде рәсімдеп, жүргізуі түрткі болуда. Сонымен қатар, айыпталушылардың адвокаттары да, жәбірленушілерге көмегін ұсынатын адвокаттар да көбінесе өзі жетік білетін тілде арыз жаздырып, істің орыс тілінде қаралуына түрткі болып жатады.

Айталық, ішкі істер органы мен прокуратура қызметкерлері қылмыстық істерді орыс тілінде рәсімдеудің жеңіл екенін, ал қазақ тілінде құжаттарды жүйелеу қиындық келтіретінін алға тартады. Әрине, дайын үлгіге тек

юға көмектеседі, тиісті органдардан қажетті құжаттарды алдырады. Сондай-ақ судьяға қаралып жатқан іс бойынша тараптардың құқықтық негіздемелерін басшылыққа ала отырып өзінің алдын ала пікірін айту құқығы берілген. Мұның бәрі заң саласынан сауаты әлсіз қарапайым азаматтар үшін өте тиімді болып отыр.

Әкімшілік әділет аясында сот шешімдерінің орындалуын қадағалау тетігі де қарастырылған. Айталық, сот шешімін орындамаған жауапкерге процестік мәжбүрлеу шарасы ретінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға болады. Судьяның заңды басшылыққа ала отырып сот шешімі орындалғанға дейін жауапкерге елуден жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алуды бірнеше рет қолдануға мүмкіндігі бар. Ақшалай өндіріп алу – сот шешімдерін уақытылы орындаудағы пәрменді тетік.

Бұрын даудағы бір тарап мемлекеттік орган болған жағдайда татуластыру келісімін жасауға жол берілмейтін. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс осы қағиданы өзгертіп, тараптардың әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығарғанға дейін, жауапкердің әкімшілік қалауы болғанда татуласуына мүмкіндік беруімен құнды болып отыр. Ең бастысы, әкімшілік әділеттің қолданысқа енгізілуі мемлекеттік орган қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, жария-құқықтық дауларды шешудің нақты тәртібін белгілеуге, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын және сот билігінің тәуелсіздігін одан әрі нығайтуға септігін тигізді.

Гүлім МҰҚАНОВА,
Алматы қалалық
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

керекті мәліметтерді енгізе отырып істерді рәсімдеудің оңтайлы екені рас. Дегенмен, бұл жерде мемлекеттік тілге деген жанапшылық, қазақ тілін қолдануға деген ынта бірінші орында тұруы керек емес пе?

Басқа салада қызмет етіп жүрген азаматтардың тіл таңдауға құзыры болғанымен, мемлекеттік қызметкерлер ең алдымен мемлекетке, мемлекеттік тілді дамытуға қызмет ететінін ешқашан есінен шығармауы тиіс. Егер мемлекеттік қызметтегі азаматтар құжаттарды толықтай қазақ тілінде дайындаған жағдайда соттағы мемлекеттік тілдің үлесі де қазіргіден әлдеқайда жоғары болары анық.

Мұндай кемшілік адвокаттар арасында да жиі орын алады. Қорғаушылар бір тілде, қорғауындағы азаматтар бір тілде сөйлейтін кездер аз емес. Қарапайым халықтың адвокаттың білімі мен көмегіне сеніп, арыздың қай тілде жазылғанына көңіл бөлмейтіні тағы рас. Осы теріс көзқарасты өзгерткен жағдайда қазақ тілінің қолданысы кеңейері күмәнсіз.

Әрине, сот саласы мемлекеттік тілдің мерейін өсіру үшін барлық жағдайды жасап жатыр. Алматы қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында барлық құжаттар мемлекеттік тілде дайындалып, кіріс-шығыс хаттарға мемлекеттік тілде жауап қайтарылады. Судьялар мен сот мамандарының мемлекеттік тілдегі білім-білігін жетілдіруге көп мән беріледі. Мұндай жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса береді.

Алена СУЮНДИКОВА,
Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық соты әкімшісінің басшысы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

• ПІКІР

ЗАҢ АЛДЫНДА БӘРІ ТЕҢ

Реформалар тәуелсіз Қазақстанның сот төрелігін құру үшін судьялардың жауапкершілігін арттырды. Сәйкесінше, сот корпусына талаптар күшейтілді. Судья ретінде де, қарапайым адам ретінде қоғамға реформа ғана емес, сот төрелігін атқару сапасының жоғары болғаны маңызды.

Сот билігінің негізгі міндеті – қоғам және мемлекет өмірінде туындайтын жанжалдар мен дауларды шешу, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, заңдардың талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту. Бұл қадам істі тез әрі тиімді шешуге, бұзылған құқықтарды тезірек қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бұл шара екі сатыдағы судьялардың өздері қабылдаған

шешім үшін жауапкершілігін күшейтіп, сот практикасының бірізділігін қамтамасыз етеді. Жиі көтерілетін тағы бір мәселе – құқық қорғау органдары мен сот төрағалары тарапынан судьяларға жасалатын қысым. Қудалау органдары тарапынан қысымды жойып, судьяларға қатысты жасырын арнайы жедел іс-шараларды жүргізу мақсатында бұрынғыдай облыс прокурорының емес, енді тек Бас прокурордың санкциясы қажет.

Бұл шара да заңнамалық тұрғыдан белгіленді.

Сот ісін сатылы жүргізу мәселесі – ең өткір, күрделі әрі өзекті мәселе. Сот төрелігін жүзеге асыру сапасы мен азаматтардың соттарға деген сенім деңгейі әр саты жұмысының тиімділігіне тікелей байланысты. Сот шешімдері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке заңды тұлғалар орындауға міндетті. Сот шешімдері мен судьяның талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Гайһар ГУБАШЕВА,
Атырау қаласы №2 соты
әкімшісінің бас маманы –
сот мәжілісінің хатшысы

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАУАР БИРЖАСЫ БАҒАҒА БАҒДАР БОЛА АЛМАЙ ОТЫР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Тауарлық биржа Қазақстан экономикасында маңызды рөл атқарады. Биржа шикізат пен тауарларға барынша тиімді шартпен жол ашады. Құжатты депутаттар алдында таныстырған Екатерина Смышляеваның айтуынша, еліміздегі биржалар үдеден шықпай отыр. Отандық экономикаға дұрыс биржалық базар керек. Құжатта осы тұрғыда қарапайым азаматтар мен кәсіпкерлер үшін қолайлы түзетулер қамтылыпты.

Жалпы, тауарлық биржадағы мәмілелердің жариялылығы, әділдігі қамтамасыз етілген жағдайда сұраныс пен ұсыныс негізінде нарықтық баға қалыптасады. Олар арқылы ресурстар тиімді бөлініп, бұл кәсіпкерлердің шикізат пен тауарларға барынша тиімді шартпен қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Қазақстан табиғи байлықтардың елеулі бөлігін иемденген ел ретінде тауар биржа-

рығында 9 биржа жұмыс істейді екен. Соңғы бес жылда олардың саны 2,6 есеге азайды. Бұл сауда ұйымдарына талаптың күшеюі және тұтастай биржаның тұрақтылығына талаптың артуына байланысты. Биржаларда сауданы тауар өндірушілер мен оларды сатып алушылар жүзеге асырады. Мұндай өзгеріс бизнес үшін барынша тиімді сауда құралына жол ашады. Өйткені, биржада жасалған мәмілелер нарықтық болып мойындалады. Бұл үнемі сатып алушы болғандықтан өндірушілер үшін қауіпті азайтып, өндірістің өсу мүмкіндігін ұлғайтады. Сондықтан бизнес-қауымдастықтың биржалық кодтауға және биржалық жүйе арқылы кәсібин жүргізуге сенімін арттыру керек.

Ал, қарапайым азаматтарға қатысты биржалық тауарлардың жалпы тізімінде әлеуметтік маңызы бар тауарларға айрықша назар аударылады. Мәселен, отын мен

разбен қатар, жеңілдік пен мемлекеттік қолдау алудан үміттене алады. Солай бола тұра тауар биржаларындағы жылдық айналым 2 триллионнан артық болып отыр.

Заң жобасындағы тағы бір өлшем «қалталық биржаларға» қатысты. Бұл құрылымдар тар аядағы топтар мүддесіне қызмет етіп, нарықтық ресурстарға қолжетімділікті монополияландырып, сауда операцияларының ашықтығын төмендетеді. Мұның бәрі әділ бәсекелестік пен нарық қатысушыларының сеніміне селкеу түсіреді. Сондықтан заң жобасы бойынша стандартталмаған тауарларды сатуға шек қойылып, олар мамандандырылған электронды сауда алаңына ауыстырылды. Бұл отандық тауар өндірушілердің кедергісіз сатып алуын қамтамасыз етіп, ел ішіндегі құнын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар тауарлық биржаларға бақылау күшейетін болады. Өйткені, тауарлық биржалар біліктілігінің деңгейі, олардың бағдарламалық қамтамасыз етілу деңгейі әртүрлі. Барлығы бірдей сауда биржасының ережесін сақтай бермейді. Биржаны тауарлар сатып алу амалдарынан өту және өзге де алаяқтық әрекеттер бойынша пайдаланған фактілері бар. Олардың жұмысы сонымен қатар ашық емес. Ойыншылар үшін қолдан кедергілер тудырған жағдайлар тіркелген. Сондықтан заң жобасында биржаларға мемлекеттік бақылау мен біліктілік талаптары күшейту ұсынылды. Бұл орайда Үкіметтің шешімімен конкурстық негізде әлеуметтік маңызға ие биржалық тауарларды сатумен айналысатын Тауарлық биржалар тізімі анықталатын болады.

Заң жобасында биржалық сауда-саттыққа жосықсыз қатысушылардың тізілімін енгізу, брокерлер мен клирингтік орталықтарды лицензиялау және оларды қаржы мониторинг субъектілері санатына қосу, биржалық боттардың қатысуымен жасалатын шарттарды елеусіз деп тану да көзделді.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»



Арсен БЕГМАНОВ,
Медеу аудандық №2 соты
әкімшісінің басшысы

алғаннан кейін сот актілерінің орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған заңмен көзделген шараларды уақытында қабылдауы қажет. Банк шоттарын, кредит және сақтандыру сомаларының, бағалы қағазының бар-жоғын тексеру, сондай-ақ борышкердің банкте тұрған осы және басқа мүлкіне тыйым салу қажет болған жағдайда жоғарыда көрсетілген әрекеттерді санкциялау туралы дереу мәселе қоюы қажет. Санкциялануға жататын атқарушылық әрекетті жүргізу туралы қаулыны сот орындаушысы сотқа ұсынады.

Бесінші, борышкердің жүрген жері белгісіз болған жағдайда сот орындаушысы ішкі істер органы арқылы іздеу салу туралы ұсыныспен атқару құжатның орындалу орны бойынша сотқа жүгінуге міндетті. Осындай пәрменді шаралар сот актілерінің дер кезінде орындалуына ықпалын тигізеді.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

• ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК

Құқықтық мемлекеттің қалыптасуында, бүгінгі биікке жетуінде қыз-келіншектердің үлесі өлшеусіз. Себебі, тәуелсіздік алған сындарлы шақтан сүрінбей өтуде әйелдердің жанкешті еңбегінің көмегі көп болды. Отбасының алтын қазығына, жарының ақылшысы, ұл-қызының жана-шырына айналған әйелдердің қиындықтан қашқан, жауаптылықтан жалтарған кезі жоқ. Содан болар, нәзік жандылар кез келген саланың басы-қасында жүріп, барлық істің бабын тапты, көшбасшысы бола білді.

ӘЙЕЛДЕР ШЫДАМДЫЛЫҚ ПЕН ЕҢБЕКҚОРЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Адам тағдырына жауапты сот алаңында да еңбек етіп, ел ризашылығына бөленіп жүрген арулар аз емес. Қайта жұмыстың күрделілігіне, қызметтің қауырттығына қарамастан сот судьялар мен сот мамандарының арасында әйелдердің үлесі жылдан жылға көбеюде. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы келтірген деректерде көрсетілгендей, сот жүйесінің аудандық деңгейінде 2019 жылдан бастап судья-әйелдер санының өсуі байқалады. 2022 жылдың соңында аудандық судьялардың жалпы санының 1019-ы (54,7%) әйелдер (оның ішінде 82 сот төрағасы) және 844 (45,3%) ер адамдар болған. Бұл көрсеткіш 2023, 2024 жылдары да өспесе, кеміген жоқ. Қайта соңғы жылдары аудандық сот төрағасы болып отырған, облыстық соттың алқа төрағасы болып қызметке келген әйелдер қатары өсті. Бұдан бөлек, Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі алқа төрағасы болып Назгүл Рахметуллинаның тағайындалуы сот саласында еңбек етіп жүрген қыз-келіншектерге үлкен стимул. Сот құрылымындағы тәжірибесін қарапайым маман қызметінен бастаған Назгүл Мәуілханқызының еңбек жолы, ізденісі, бүгінгі жеткен жетістігі басқа қыз-келіншектердің де алдына биік мақсат қойып, арманына ұмтылуына ықпал етері талассыз. Әйел-судьяның Жоғарғы Соттағы алқа төрағасы лауазымына ие болуының өзі еліміздегі гендерлік теңдіктің мінсіз сақталатынын, жынысына байланысты алалауға, кемсітуге жол берілмейтінін айғақтайтын маңызды дерек.

Жалпы, Қазақстан Республикасының сот жүйесінде судья-әйелдер санының өсу үрдісі гендерлік теңдік бағытындағы оң өзгерістерді көрсетеді. Дегенмен, қазіргі нәтижемен тоқтап қалмай, қыз-келіншектердің әлеуетін, озық идеяларын орынды пайдаланып, сот саласында өсуіне, өзін дамытуына әлі де жан-жақты жағдай жасау керек.

Әйелдердің көп қырлы екенін, кез келген саланың үздігі, көшбасшысы бола алатынын айналамызда жүрген әріптестеріміздің қызметтік жолынан да байқауға болады. Қазақстан қоғамында әйелдер, ең алдымен, ардақты ана, сүйікті жар, екіншіден, кәсіби маман, жауапты лауазым иесі. Нәзік жандыларды еңбекқорлық, отбасылық құндылықтар мен қоғамдық



Рахила САЛИХОВА,
Маңғыстау аудандық соты
әкімшісінің басшысы

келісімді сақтауға деген ұмтылыс ерекшеліеді. Соның ішінде сот саласы сияқты қиындығы мен қызығы көп саладағы бірге қызмет етіп жүрген әріптес қыз-келіншектердің ана және кәсіби маман образын сәтті үйлестіре білетіндігіне еріксіз тандай қағасыз. Мысалды алыстан іздемей-ақ, өз әріптестерімізден көруге болады. 1994 жылдан бері сот саласында хатшы болып жұмыс жасап келе жатқан Дәмгүл Елеуова отбасының ғана емес, ұжымның мақтанышы. Бүгінде әріптесіміз ұл-қызына ұлағатты тәрбие берген үлгілі ана ғана емес, немересін бабалар дәстүріне сай өсіріп отырған эмбебап әже. Сот хатшысының атқарар жұмыр ауыр болса да, өз ісін қабақ шытпай, сапалы жасайтын Дәмгүл Елеуова отбасындағы міндетін де мәнсіз атқаруымен көпке өнеге.

Ұжымымыздың тағы бір жауапты қызметкері, ардақты ана Қалдыгул Сақтағанова сотта 1994 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Күміс алқа иегері атанған әріптесіміздің бүгінде 6 немеренің әжесі екенін де мақтанышпен айтамыз. Сот төрелігін жүзеге асыру барысында еңбекқорлық пен өмірлік шыдамдылықтың үлгісін көрсетіп, ұжымның қоғамдық өміріне де белсене қатысып жүрген әріптестеріміз талап пен еңбек болса алынбайтын қамал жоқ екенін ісімен дәлелдеген жандар.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

• ПӘРМЕН

ШЕШІМ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

Сот актілерін орындау бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыру, оларды орындауға кедергі келтірген, орындаудан жалтарған жандарға жауаптылық белгілейтін заң нормасының біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында Жоғарғы Соттың №12 нормативтік қаулысы қабылданды.

Ел Конституциясының 76-бабының 3-тармағына, Қылмыстық-процестік кодекстің 131, 449-баптарына, Азаматтық процесстік кодекстің 21-бабына сәйкес, соттар мен судьялардың заңды күшіне енген үкімдері, шешімдері, қаулылары, ұйғарымдары, бұйрықтары, сондай-ақ заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары мен сот актілерін орындауға байланысты басқа да өтініштері барлық мемлекеттік орган, лауазымды адам, жергілікті өзін-өзі басқару органы, қоғамдық бірлестік, басқа да заңды тұлғалар мен азаматтар үшін міндетті болып табылады. Әрі сот актілері республиканың бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуы тиіс. Заңды күшіне енген соң үкімін, сот шешімін немесе басқа да сот актісін әдейі орындамау, сондай-ақ олардың орындалуына кедергі жасау, сот актілерін, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың қаулыларын орындамау заңмен көзделген қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады. Бұл қаулыдағы бірінші шарттылық.

Екінші, қылмыстық процессті

жүргізуші органдар азаматтық талапты қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды көздейтін ҚПК-нің 170, 305-баптарының және АПК-нің 158, 159-баптарының талаптарын мүлтіксіз орындауы қажет. Соттар көрсетілген шараларды басты сот талқылауына дайындық жүргізу барысында, сондай-ақ сот талқылауы, үкім шығару, азаматтық талапты қанағаттандыру жөнінде шешім немесе өзге де сот актісін шығару кезінде қолдануы мүмкін.

Үшінші, соттар жауапкерден ақшалай немесе өзгедей өндіру туралы сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін заңмен келген жағдайларда атқару парағының мезгілінде жазылып, талапты қанағаттандыру үшін тыйым салынған мүлктің тізімін қоса тіркеп, өндіріп алушылар мен борышкерлерді көрсетіп, мөрмен куәландырылған сот актісінің көшірмесін не оның үзіндісін борышкерлер мен олардың мүлкі тұрған жерлері бойынша сот әкімшілерінің облыстағы аумақтық органдарына жіберуге тиіс.

Төртінші, шарттылық, сот орындаушылары атқару құжаттарын

• МЕЖЕ

ӘДЕП КОДЕКСІН ЖАҢҒЫРТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фарабидің пайымынша: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Тәрбиелі адам тағалы атпен тең. Әдептен озбайды, ақылы тозбайды. Халыққа қызмет ететін азаматтардың білімімен бірге әдебіне назар аударылып, кәсіби қызметінің сапасын көтеретін заңдармен бірге, әдептілік қағидаттарын белгілейтін заңнамалардың қатар дайындалуы сондықтан.

Бұрын білімді адамды зиялы дейтін. Ал қазір зиялы деген мәртебеге сай болу үшін білімнің тереңдігімен бірге, парасатының биіктігі, мінезінің көркемдігі, әдебінің озықтығы басты орында тұрады. 1996 жылы өткен республика судьяларының алғашқы съезінде қазылардың «Әдеп кодексінің» қабылдануы да осындай қажеттіліктен туындаған болатын. Бар болғаны 7 баптан тұратын бұл кодекстің қамтыған аумағы кең. Ең алдымен мұндағы қағидаларды сақтау қызметтегі судьялар мен доғарысқа шыққан судьяларға басты міндет болды. Екіншіден, бұл кодекс судьяларға қызметте ғана емес, қызметтен тыс уақытта да кісілік келбетімен, адамдық қасиетімен көпшілікке үлгі болып, сот саласының беделіне қылаудай нұқсан келтіретін теріс әрекеттерден бойын аулақ ұстау талабын қойды. Үшіншіден, кодекс судьялардың әр күні 24 сағат көпшілік назарында екенін ұқтырып қоймай, отбасының да көпшілік бақылауында екенін қаперге салды. Әрі судьялық биік мансапты өзінің, отбасының, жақындарының мәселесін шешуге, жеке мүддесіне пайдалануға тегеурінді тыйым салды.

Жылдар бойы қазақстандық судьялардың қорғаны мен бағдарына айналып кел-

ген Әдеп кодексі бүгінгі күнге дейін екі рет жаңғыртылды. 2009 және 2016 жылдары қабылданған Судья әдебі кодексінің өз жаңашылдықтары аз болмады. Ал заманауи талаптардың өсіп, әлеуметтік желілер мен ақпараттар ағынына ілесу мүмкін болмай тұрған тұста, судьялардың жаңа Әдеп кодексінің қабылдануы заңдылық.

Бүгінгі күнге дейін судьялардың Әдеп кодексінің жобасы қоғамда қызу талқыланды. Судьялар одағының мұрындық болуымен кодекстегі жаңғыртулар зерделеніп, ондағы өзгерістердің қоғам қажеттілігіне сай болуы үшін Парламент депутаттарының, сот судьяларының, ардагер судьялардың, құзырлы орган өкілдерінің, ғалымдардың, заңгерлердің қатысуымен өткен жиындарда әдептілік ережелерінің халықаралық талаптарға сай келуіне жіті көңіл бөлінді. Бүгінгі күнге дейін көпшілік пікірін туғызған Әдеп кодексі қоғамға қажет, өміршең құжаттар қатарынан табыларына сенім мол.

Аида АЛЧИНБАЕВА,
Алматы қалалық қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының бас маманы

• ТҮЙТКІЛ

Ішкі істер органдарындағы ең негізгі де жауапты қызметтің бірі – тергеуші жұмысы. Тергеушінің жұмысы адам тағдырына тікелей ықпал етеді. Қылмыстық іс бойынша дәлелдерді толық жинақтау, әділ әрі сауатты жүргізу – жоғары кәсіби шеберлікті талап етеді. Ерғали Қарсыбаев жиырма бес жылдан бері осы салада. Қазір Түркістан облысы ПД Сайрам аудандық Полиция басқармасы бастығының орынбасары лауазымында қызмет атқаруда.

ҚЫЛМЫСҚА ЖОЛ АШАТЫН ДА, АРТЫНАН БАРМАҚ ТІСТЕП ӨКІНЕТІН ДЕ – ӨЗІМІЗ



қамқор болып, балалы-шағалы болдым. Осы жасқа келгенге дейін соңымыздан көптеген мықты кадрлар ерді. Тәлімгер болып, білікті мамандардың өсуіне, қызметті адал атқаруына үлес қостым. Аға буын өкілі ретінде бөлім басшылығы ардақтап, құрметтейді. Инспекторлықтан бастап бөлім бастығының орынбасарына дейін көтерілдім. Атқарған қызметіме көптеген наградалар берілді. Ең бастысы халықтың тыныштығы үшін аянбадық. Талай қылмыстың алдын алдық, дер кезінде ашылуына атсалыстық, – дейді кейіпкеріміз.

Алғыс – еңбекке берілген баға. Бұл тұрғыда Ерғали Қарсыбаев көптеген марапатқа ие. «Ішкі істер органдарында 10, 15, 20 жыл мінсіз қызметі үшін», «Тергеу қызметіне 50 жыл», «Тергеу қызметіне 60 жыл», «ПО үздік қызметкері», «ПО құрылуына 30 жыл» төс белгісімен «Құқық тәртібін қамтамасыз

Алдаудың түр-түрі бар, алданғандар да өзінің сенімсіздігі мен шыдамсыздығының құрбаны болып жүр. Қазақта «сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деген даналық бар. Сабыр сақтап, кезектің жылжу тәртібін бақылаудың орнына, ертерек баспаналы болудың жолын қарастыратын да өзіміз.

Ерғали Қарсыбаев қазір осы салада бірқатар жастарға тәлім-тәрбие беріп жүр. Ол ішкі істер органына 2000 жылы келген. Он жылдық мектепті бітіргеннен кейін Қарағанды қаласындағы Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, 1999 жылы заңгер-құқықтану мамандығы бойынша диплом алады. Еңбек жолын Шымкент қаласы ҚР ІІМ Б. Момышұлы атындағы ШЗК инспектор болып бастайды. Содан кейін 2002 жылы Шымкент қаласы ҚР ІІМ арнайы училищесінің кадр және тәрбие бөлімінің бастығы, анықтаушы, аға анықтаушы, тергеуші, аға тергеуші, есірткіге қарсы қылмыстар тергеу бөлімінің аға тергеушісі, анықтау бөлімінің бастығы, мүлікке қарсы қылмыстарды тергеу бөлімінің аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісі, тонау және қарақшылық қылмыстарды тергеу бөлімшесінің бастығы, Шымкент қалалық Ішкі істер басқармасы тергеу бөлімінің бастығы, әр жылдары Түркістан облысы ПД Ордабасы, Келес, Қазығұрт АПБ бастығының орынбасары, 2022 жылы Түркістан ҚІПБ тергеу бөлімінің бастығы, 2023 жылы Түркістан облысы ПД Тергеу басқармасы жеке тұлғаларға қарсы қылмыстарды тергеу бөлімінің бастығы сынды жауапты лауазымдарды атқарды.

Әр мамандықтың өзіне тән қиындығы мен қызығы болады. Әрбір мамандық қоғам үшін жауапты және құнды. Сол секілді полиция қызметі – қай кезде де жауапты әрі қауіп пен қатерге толы. Күн-түн демей, уақытпен санаспай жұмыс істеуге тура келеді. Ерғали Рахманбердіұлының айтуынша, қуанышы мен қиындығы қатар жүретін мәртебелі мамандыққа қашан да табандылық пен төзімділік керек.

– Қиындығы – оқиға болған орынға барғандағы көріністер. Қылмыстың неден басталғанын тергеп тексереміз. Содан соң іс әрі қарай сотқа жолданады. Қуанышы – тапсырылған іс әділ хәм шынайы ашылып, оң шешімін тауып жатса, иығыңнан ауыр жүк түскендей демаласың. Қиындықты сабырмен жеңуге тырысамын. Шынымды айтсам, мені қоғамдағы жастардың тәртібі қатты алаңдатады. Себебі, жалындаған

етуге қосқан үлесі үшін» медалімен және түрлі мекеменің Алғыс хаттарымен марапатталған. Сонымен қатар 2014 жылы облыс, республика көлемінде «үздік тергеуші» номинациясының жеңімпазы атанды.

– Біз көптеген шағымдармен жұмыс істейміз. Бүгінде ең көп белең алған қылмыстың бірі – интернет алаяқтық. Одан бөлек адамдарға көбінесе пәтер алып беру мәселесіндегі қылмыстың саны азаяр емес. Бүгінде халықтың басым бөлігі пәтер жалдап тұрады. Сондықтан, адамдардың көбі тез арада, тиімді бағамен пәтер алуға ұмтылады. Ал алаяқтар соны өз пайдасына асырады, – дейді полиция полковнигі.

Әңгіме барысында тергеуші алаяқтық қылмыстардың жазасын күшейту керектігін де атап өтті. Себебі, олар қаншама жанның ақшасын алдап алып, 7-8 жыл абақтыда жазасын өтесе де шыға сала баяғы әдетіне басады екен.

Және жәбірленушілерге шығындарын қайтармайтын да көрінеді. Сондықтан да қатаң жаза қолданылса, алаяқтық қылмысының саны азаяр еді.

– Алаяқтар интернетте қымбат заттардың бағасын төмен бағамен сатуға акция жариялайды. Содан кейінгі олардың айласы алдын ала төлем жасату. Сонымен қатар, қазіргі таңда адамдардың басым бөлігі қосымша табыс көзін табуға ниетті. Халықтың осындай әлсіз тұсын дөп басатын алаяқтар, оларға аз уақытта қомақты табысқа кенелетінін айтып сендіреді. Сол себептен барша халыққа айтамыз: бөтен адамды танымай, шынайылығына көз жеткізбей тұрып, алдын ала қаражат жібермеңіздер, – дейді Сайрам аудандық Полиция басқармасы бастығының орынбасары.

– Алаяқтық санатындағы қылмыстарды тіркеп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдарын жүргізу ОҚО ПД басшысының бұйрығымен 2015 жылдың 1 қаңтарынан бері бізге жүктелген. Сол жылы 4141 алаяқтық оқиға тіркеліп, оның 847-сі ауыр санаттағы қылмыс деп танылған болатын. Тергеу, тексеру амалдарынан бөлек, біз алаяқтардан сақтандыратын түрлі бейнероликтер дайындадық. Плакаттар мен паракшалар таратып, түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Нәтижесінде 2016 жылы алаяқтық бойынша тіркелген қылмыстық іс 33,9% -ға төмендеді. Алаяқтар өзін «әкімдікте, мансап орталығында, жер қатынастары немесе тұрғын үй бөлімінде қызмет етемін» деп алдайды. «Жұмысқа орналастырамын», «пайызсыз несие алып беремін», «жер, пәтер алып беремін немесе кезегінді жылжытып беремін» деген сынды түрлі жалған уәделерді айтып, олардан сол қызметі үшін әртүрлі көлемде қомақты ақша беруді талап етеді, – деді ол.

Ерғали Рахманбердіұлы кезінде алаяқтық санатындағы ауыр қылмыс жасаған Б. есімді азаматшаның 7 жыл 2 айға бас бостандығынан айырылғанын айтып өтті. Ол түрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында кезектен тыс немесе мерзімінен бұрын пәтер алып беретінін айтып, Шымкент қаласы тұрғындарының сеніміне кірген. 2016 жылы Б. есімді азаматша 500 мыңнан 5 млн теңгеге дейінгі көлемде қаржылай пара алып, 42 адамды алдап кеткен. Тергеу кезінде айғақтарды анықтағаннан кейін сот 6,5 жылға бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарған. Бірақ, бұл қылмыскерге алданған тағы 11 адам анықталып, қамауға алу мерзімі 7 жыл 2 айға ұзартылған болатын.

– Тағы бір оқиғаны айтсам, аудандағы бір зейнеткерді «ай сайын есепшотыма 35 000 теңге аударып, бір жылда пәтер алып беремін» деп алдаған Г. есімді азаматша алаяқтықтың жеңіл түрі бойынша жауапқа тартылды. Алдаудың түр-түрі бар, алданғандар да өзінің сенімсіздігі мен шыдамсыздығының құрбаны болып жүр. Қазақта «сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деген даналық бар. Сабыр сақтап, кезектің жылжу тәртібін бақылаудың орнына, ертерек баспаналы болудың жолын қарастыратын да өзіміз. «Мен осы мекемеде істеймін, сенің тілегіңді орындап беремін» дейтіндерге сенетін де өзіміз. Сұрағанын қолына ұстатып жіберіп, «осы мекемеде қызмет ететіндер ақшамды алып, қызметін көрсетпей алдап кетті» деп дау шығаратын да өзіміз. Ондай адамның жұмыс істемейтінін білгенде сан соғып, арызданатын да өзіміз, – деді ол.

– Біз қылмыстық істі тергегенде, әділ шешім қабылдауымыз керек. Әр

қылмыстық істің артында жәбір көрген адам тұрады. Кейбір адамдар «мен арыз жаздым, ол бойынша жұмыс істелінбей жатыр» деп шағымданып келіп жатады. Бізге түрлі шағымдар келіп түседі. Ол кісінің жазған арызы сияқты жүздеген жәбірленушілер болуы мүмкін. Олардың кезегінің келуі белгілі бір мерзімді талап етеді. Осыған бәрі түсіністікпен қараса екен дейміз. Өмір болғаннан кейін, әкесі мен баласының, жан жолдастардың, анасы мен қызының бір-біріне арыз жазып жатқандарын көреміз. Сондықтан тергеуші жәбірленуші жаққа да, күдікті жаққа да бірдей қарауы керек. Тергеуді жүргізу барысында істі тыңғылықты әрі мұқият тексеру – тергеушінің басты міндеті, – деді кейіпкеріміз.

Оның айтуынша, тергеушінің әр күні ғана емес, әр сағатының өзі қым-қуыт оқиғаға толы. Небір ауыр қылмыстардың куәсі болады. Ет пен сүйектен жаралған адам болған соң қатыгездікпен жасалған қылмыс, жапа шегушілердің көз жасы тергеушіге де әсер етпей қоймайды. Кейде істі болған адамның туыстары келіп жалбарынып жалынады, жақыны үшін жылайды. Бірнеше рет сотталған жігіт болды, істеген ісін мойындап та тұр. Анасы күнде келіп көз жасын төгеді. Баласы үшін көлкірегі қарс айырылған ананы көріп, тергеушінің де жүрегі сыздайды. Алайда заң бар. Және жапа шеккен тарап бар, дәлел бар. Біреудің көңіліне қарап тергеуші үшін мүмкін емес әрекет екені анық.

– Өзге де салалар сияқты тергеу ісі де заманмен бірге ілгері жылжып келеді. Жаңа технологиялар мен заманауи құрылғыларды пайдалану қылмысты ашу мен айғақ, дәлелдер жинауды біршама жеңілдетті, – дейді кейіпкеріміз.

Ерғали Қарсыбаевтың басшылық жасауымен облыста көптеген қылмыстық істер дер кезінде ашылды.

– Кезінде мынадай оқиға болды. Ордабасы ауданында қараусыз қалған бір үйден ер адамның мәйіті табылды. Оған сараптама жүргізген кезде басынан алған қатты соққының салдарынан көз жұмғаны анықталды. Ауылдағы ауаларды аралау барысында өлген адамның жеке басын анықтадық. Ол жұмыссыз жергілікті тұрғын болып шықты. Одан әрі жәбірленушінің таныстарының шеңберін құрып, мұқият зерттей бастадық. Көрген-білгендерден жауап алдық. Осындай іс-шаралардың арқасында күдіктінің ізіне түстік. Содан оны Арыс қаласында қарауылдық жұмысында жүрген жерінен анықтап ұстадық. Күдікті қаза тапқан адамның көршісі болып шықты. Тергеу барысында күдікті танысы әрі көршісімен Шұбарсу ауылындағы толық бітпеген үйде бірге спирттік ішімдік ішкенін, сол сәтте араларында жанжал шығып, сөзге келіспей қалударынан төбелес болғанын, көршісінің басынан кірпішпен ұрғанын мойындады, – дейді полиция полковнигі.

Біздің аңғарғанымыз, Ерғали Қарсыбаев талай жылдар бойы тергеу, анықтау бөлімдерінде шындалып, полициядағы еңбек жолдарында түзу жолмен, іскерлігімен, майталмандығымен танылған басшы мен оның орынбасарларының қызметін мінсіз атқарып, ел мүддесі үшін жұмыс жасап келе жатқанына нық сенімдеміз. Біздің кейіпкеріміз тек абырой биігінен көріне берсін деген ниеттеміз.

Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

• МІНБЕР

ТАЛАП БАР ЖЕРДЕ НӘТИЖЕ БОЛАДЫ

Мағжан Жұмабаев «Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып қала алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ», – дегенді бір ғасыр бұрын бекер айтпаған. Өйткені, кез келген елдің болашағы тілімен тығыз байланысты. Мысалы, барлық республикада мемлекеттік тіл жоғары мәртебеге ие, басқару құжаттары тек мемлекеттік тілде жүргізіліп, халқы жаппай осы тілде сөйлейді. Біздің ел де осындай деңгейге жетсе, қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейіп, сол арқылы мемлекеттік тіл өз тұғырына қонар еді. Тәуелсіздік алғалы үздіксіз айтылып, жазылып жатса да, өкінішке қарай, мемлекеттік тіл тақырыбы өзектілігін жоймай келеді.

Мемлекеттік тіл мәртебесінің көтерілмеуіне қажеттілік туған жағдайда мемлекеттік тілмен қатар өзге тілдер де қолданылады деген заң нормасының кедергісін тигізіп жатқаны талассыз шындық. Мұны соттарға түсетін қазақ тіліндегі талап арыздар мен істердің аздығынан да көруге болады. Сондықтан, адвокаттар мен заңгерлер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері өздерінің қызметінде мемлекеттік тілге басымдық берулері керек. Мемлекеттік тіл – республиканың барлық аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық сала-

сында қолданылатындықтан, барлық іс-қағаздары мен құжаттарды мемлекеттік тілде жазу міндет. Бұл Конституциямен бекітілген талап.

Соттарда іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге жіті көңіл бөлінеді. Мысалы, ресми құжаттарды мемлекеттік тілде жазу, орыс тіліндегілердің аударма нұсқасын талап ету нық қалыптасты. Сот өндірісіндегі кіріс-шығыс хат-хабарлар мемлекеттік тілде жолданып, ішкі құжат айналымы қазақ тілінде жүргізіледі. Сот қызметкерлері, яғни, судьялар мен мамандардың, т.б. қазақ тілін

жетік меңгеруі сот төрелігінің мемлекеттік тілде сапалы жүзеге асырылуына кепілдік етеді. Егер жұртшылық сотқа мемлекеттік тілде жүгініп, құзырлы органдар тергеуді мемлекеттік тілде жүргізсе, сот өндірісі де қазақ тіліне толықтай көшер еді.

Сала қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеру көрсеткіші әр жыл сайын өтетін тестілеуде анықталады. Түркісіб аудандық сотында мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру бағытындағы іс шаралар тұрақты түрде өткізіледі. Сонымен қатар, ішкі ұйымдастырушылық құжаттар, жиындар қазақ тілінде жүргізіледі. Мемлекеттік органдардан, азаматтардан, т.б. келетін құжаттардың қай тілде жазылғанына қарамастан тек мемлекеттік тілде жауап беріледі.

Мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында, құқық қорғау органдарында немесе сот саласында жұмыс істеу мүмкін болмайтындай талап енгізу жайы бұдан бірнеше жыл бұрын айтылған бола-

тын. Осы талап сөз жүзінде қалмай, қолданысқа енсе, ел халқы, әсіресе, жастар жағы өздерінің болашағы үшін мемлекеттік тілге жаппай көңіл бөлер еді. Өйткені, мемлекеттік тілдің салтанат құруына мемлекеттік қызметкерлердің ықпалы зор болмақ.

Кез келген мәселе заңмен міндеттелсе нәтижелі болады. Сондықтан, мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметкерлерге міндеттейін уақыт жетті. Бұлай етпейінше қазақ тілінің мәселесі шешілмейтінін уақыттың өзі көрсетіп отыр. Яғни, мемлекеттік тілді дамыту мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алынуы тиіс. Өзінің тарихы мен мәдениетінің, тілінің, ұлттық рәміздерінің қадіріне жеткен халық қана табысты өркендей алатынын естен шығармайық.

Индира КУМЫСБАЕВА,
Түркісіб аудандық соты
әкімшісінің басшысы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

• ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

НЕКЕ КЕЛІСІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Неке келісімі – ерлі-зайыптылардың келісімдерінің түрі, оның пәні тек қолда бар меншік қана емес, келешектегі мүлік, яғни та- раптардың келешекте алатын мүлігі де бола алады. Бұл жағдайда мүлік алынады ма, жоқ па, маңызды емес. Ерлі-зайыптылар тек бір-біріне ауыртпалық түсіреді. Мүліктің режимі мүлікті нақты алғаннан кейін анықталады. Неке келісіміне отбасы құқығының институты ретінде байыппен және негізді пайдалануды керек ететін үлкен әлеует (потенциал) сәнылған.

Неке келісімінде алдын ала қара- стырылған құқықтар мен міндет- тер белгілі мерзіммен шектелінуі мүмкін. Мысалы, ерлі-зайыптылар некеге тұрып, бір-бірін жақсы біліп үлгере алмағандықтан, некені тір- кеуден кейін бір жыл бойы мүлік- терінің бөлек болатынын, ал одан кейін мүліктің ортақ болатынын алдын ала көздегені жөн. Немесе ерлі-зайыптылар неке келісіміне бала дүниеге келгенше мүліктің бөлек режимде болатынын, ал дү- ниеге келгеннен кейін меншіктің бірлескен ортақ режимде болаты- нын көздейтін шартты енгізуі мүм- кін.

Сонымен бірге ерлі-зайыпты- лар неке келісіміне некені бұзуға байланысты мүлікті бөлу туралы ережелерді енгізе алады, бұл мүлік- ті бөлудің күрделі рәсімінен немесе ерлі-зайыптының біреуінің көп еңбек жұмсаған мүлігі оны бөлу кезінде басқа жұбайға қалатыны туралы қауіптен құтылуға мүмкін- дік береді. Неке бұзылғаннан кей- йін ерлі-зайыптылардың біреуінің пәтерді (үйді) босату және оны қандай мерзімде орындау керектігі туралы мәселені де анықтауға бо- лады. Мысалы, егер пәтер ерлі-за- йыптылардың біреуінің бөлек мен- шік құқығында болса, ал екіншісіне онда тұру құқығы берілген болса, неке келісімшартында тұрғын үйді оның босатуы үшін нақты (белгілі) мерзімді белгілеуге болады.

Неке келісімі ерлі-зайыптылар- дың біреуін өте қолайсыз жағдай- ға қалдырмауы тиіс. Мұндай неке келісімі құқықтары бұзылған жү- байдың талабы бойынша жарам- сыз деп танылуы мүмкін. Мысалы, егер ерлі-зайыптылардың біреу- і неке кезінде жиналған мүлік- ке құқығынан толық бас тартуға мәжбүр болатын, еңбекке жарам- сыз және т.б. жағдайда күтіп-бағу- ды талап ету құқығынан толық бас тартуға мәжбүр болатын шарт келісімде қарастырылса.

Басқа да кез келген келісімдер- дегідей неке келісімі де, ерлі-за- йыптылардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін шектей алмайды.

Неке келісімінде балаларға бай- ланысты шарттар болмауы керек, өйткені бұл, ең алдымен, арнау- лы субъектілік құрамы бар келісім және ол үшінші тұлғалар үшін, со- ның ішінде балалар үшін құқықтар мен міндеттерді тудыратын емес, тек ерлі-зайыптыларға қатысты шарттарды қамтуы керек. Оның үстіне, балалар отбасы құқығының дербес субъектілері болып табыла- ды және неке келісімінде оларды объект ретінде қарастыруға бол- майды. Мысалы, неке келісімін- де ата-аналар (ерлі-зайыптылар) некені бұзғаннан кейін олардың балалары кіммен қалатынын ал- дын ала қарастыра алмайды. Мұн- дай келісім жарамсыз деп танылуы мүмкін.

ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінің 73-бабы- ның 3-тармағына сәйкес, ата-ана- лар бөлек тұрған жағдайда бала- лардың тұрғылықты мекенжайын анықтауымен байланысты мәсе- лелерді, сондай-ақ баладан бөлек тұрған ата-ананың ата-аналық құқықтарын жүзеге асыру тәртібін шешу үшін ата-аналар арнайы келісім жасай алады. Балаларының мүлігіне ата-аналарының құқықта- рының болмауына байланысты, неке келісімін жасасқанда ерлі-за- йыптылар өз мүлігін балалардың мүлігінен шектеу керек. Ата-анала- рының мүлігіне балаларының мен- шік құқығы болмайды.

Ерлі-зайыптылардың екі жақты келісімі бойынша неке келісімінің кез келген уақытта өзгертілу және бұзылу мүмкіндігін ҚР Н(Е-З)жОК 42-бабы алдын ала қарастырған. Оның үстіне, неке келісіміне ен- гізілген өзгерістер немесе неке келісімін бұзу туралы келісім неке келісімінің өзі сияқты нысанда жа- салуы керек.

Неке келісімін орындаудан бір жақты бас тартуға жол беріл- меіді. Дегенмен, олардың өзара келісімінің жоқ болатын жағдайы болуы мүмкін, бірақ соған кара- мастан сол мезгілдегі жағдай келісімшартты одан әрі орындауға мүмкіндік бермейтіндей, немесе, егер келісім орындалса, оның мұн- дай орындалуы ерлі-зайыптылар- дың біреуінің мүдделерін елеулі түрде бұзатындай болып өзгеруі мүмкін. Бұл жағдайда ерлі-зайып- тылардың біреуінің талап етуі бой- ынша соттың шешімімен келісімнің өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін (ҚР АҚ 401-бабы).

Неке келісіміндегі шарттар – бұл келешекте басталуы-бастал- мауы белгісіз мән-жайлар, олар- дың сипаты алуан түрлі болуы мүмкін (оқиғалар, әрекеттер), бірақ кез келген жағдайда олар заңды және жүзеге асырылатын болуы тиіс. Неке келісімінде шарттың бар болуын – олардың алдын ала ескеретін (болжамдайтын) әр түрлі өмірлік жағдайларда ерлі-зайыпты- лардың (немесе олардың біреуінің) мүдделерін қорғаудың қосымша кепілі ретінде қарастыруға болады.

Қорытындылай келе, неке келісімінің авторлық анықтамасын берсек, неке келісімі – бұл мүлік- ке иелік ету, міндеттемелік сип- паттағы белгілі әрекеттерді жасау бойынша ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастарын реттейтін нормалары бар, қазір қолда бар, келешекте болатын мүлікті ақысыз, ақылы негіздерде өткізуді алдын ала қарастыратын, меншік құқығы- ның, өзге заттық құқықтардың, ерлі-зайыптылардың басқа мүлі- гінің қалыптасуын немесе олардың тоқтатылуын қамтамасыз ететін от- басы құқығының институты.

**Бауыржан ЖАНДАРБЕК,
заң ғылымдарының докторы**

Жетісу облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы

«Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасы заңының 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Жетісу облысы- ның әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Жетісу облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Жетісу облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі	Б. ИСАБАЕВ
Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы « ___»_____ № _____ қаулысына қосымша	

Жетісу облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесі

- Жетісу облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындаудың осы әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республи- қасының «Масс-медиа туралы» заңының 8-бабы 2-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес әзірленді және Жетісу облысының ау- мағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпа- раттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің қызметтердің құнын айқындау алгоритмін белгілейді.
- Жетісу облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құны (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет) осы әдістеменің қосымшасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің әрбір жеке түрі үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің базалық бағасына қарай айқындалады.
- Мерзімді баспасөз басылымдарында көрсетілетін қызмет- тің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

1) газеттер үшін $Pn=Bn \times V \times Kq$ формуласы бойынша, онда: Pn (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, газеттер- дегі көрсетілетін қызмет құны;
 Bn – газетте орналастырылатын бір см² көрсетілетін қызмет- тің базалық бағасы;
 V – газетте орналастырылатын, см²-мен есептелетін көр- сетілетін қызмет көлемі;
 Kq – газет таралымына түзету коэффициенті:
200 000 данаға дейін – 1,3;
100 000 данаға дейін – 1,15;
50 000 данаға дейін – 1;
30 000 данаға дейін – 0,9;
20 000 данаға дейін – 0,8;
10 000 данаға дейін – 0,65;
5 000 данаға дейін – 0,5;
2) журналдар үшін $Pm=Bm \times V \times Kq$ формуласы бойынша, онда: Pm (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, журнал- дардағы көрсетілетін қызмет құны;
 Bm – журналда орналастырылатын бір см² көрсетілетін қыз- мет үшін базалық баға;
 V – см² есептелетін журналда орналастырылатын көр- сетілетін қызмет көлемі;
 Kq – журнал таралымына түзету коэффициенті:
15 000 данаға дейін – 1,2;
10 000 данаға дейін – 1,1;
8 000 данаға дейін – 1;
5 000 данаға дейін – 0,9;
3 000 данаға дейін – 0,8;
1 000 данаға дейін – 0,7.
- Интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны $Pi=Bi \times V \times Kq$ формуласы бойынша айқындалады, онда: Pi (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, интер- нет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны;
 Bi – интернет-ресурста көрсетілетін қызметтің бір таңбасы- ның, секундының, минутының, данасының базалық бағасы;
 V – интернет-ресурста көрсетілетін қызметтің символдар- мен, секундтармен, минуттармен, даналармен есептелетін көлемі;
 Kq – бірегей пайдаланушылардың интернет-ресурсқа

кіруінің орташа айлық санын есепке алуға арналған түзету коэффициенті:

- айына 500 000 кірушіге дейін – 1;
 - айына 1 000 000 кірушіге дейін – 1,1;
 - айына 2 000 000 кірушіге дейін – 1,2;
 - айына 5 000 000 кірушіге дейін – 1,3;
 - айына 5 000 000 кірушіден жоғары – 1,4.
5. Телевизияда көрсетілетін қызметтің құны $Ptv=Btv \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда: Ptv (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, теледи- дардағы көрсетілетін қызметтің құны;
 Btv – телевизияда көрсетілетін қызметтердің бір секунды- ның, минутының, сериясының базалық бағасы;
 V – телевизияда көрсетілетін қызметтің секундтармен, ми- нуттармен, сериялармен есептелетін көлемі
- Егер мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру кезінде телевизиялық бағдарламалардың жанрлары бойынша бөлінулер ескерілмеген жағдайда, телевизиялық бағдарламаларды өндіру және орна- ластыру құны базалық (Btv) болады.
6. Радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны $Pr=Br \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда: Pr (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, радиоар- надағы көрсетілетін қызметтің құны;
 Br – радиоарнада көрсетілетін қызметтердің бір секунды- ның, минутының базалық бағасы;
 V – радиоарнада көрсетілетін қызметтің секундтармен, ми- нуттармен есептелетін көлемі.

Жетісу облысының аумағындағы бұқаралық мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесіне қосымша

Жетісу облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің базалық бағалары

№	Көрсетілетін қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	2024 жыл (теңге)
1.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	400
2.	Жетісу облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	97
3.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (журнал) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bm)	шаршы сантиметр	184
4.	Республикалық маңызы бар мәселелерді жария ететін интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bi)	таңба	142
5.	Өңірлік маңызы бар мәселелерді жария ететін интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bi)	таңба	38
6.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Btv)	минут	375000
7.	Міндетті теле-радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Жетісу облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Btv)	минут	10685
8.	Жетісу облысының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (ақпараттық бағдарламаларды дайындау және орналастыру) (Br)	минут	15 000
9.	Жетісу облысының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (аудиороликті дайындау және орналастыру) (Br)	секунд	570

ЖАРНАМА

ӘРТҮРШ

6. Жарқайың ауданының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 221240041287 өзінің қайта ұйымдастырылуы туралы Жарқайың ауданының «Мәдениет және тілдерді

5. Жігіті ішек инфекцияларының алдын алу, ошақтарындағы дезинфек- циялау жұмыстарын жүргізу Жігіті ішек инфекциялары–асқазан-ішек жолының зақымдалуымен сипатталатын, патогенді және шартты патогенді бактериялар, вирустар тудыратын инфекциялық аурулар. Науқас үй жағдайында емделген жағдайда, үй-жайларға ошақтық ағымдық дезинфекцияны медициналық ұйымның медицина қызметкерлері ұйымдастырады, ал оны науқасқа күтім жасайтын адам немесе өзі жүргізеді. Жігіті ішек инфекцияларымен ауыратын науқастарды клиникалық және эпидемиологиялық көрсетілмдері бойынша емдеуге жатқызылған жағдайда, мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда, мектеп-ин- тернаттарда, сәбилер үйлерінде, медициналық-әлеуметтік мекемелерде

МҰРАҒЕРЛІК

3. 2022 жылдың 1 маусымында қайтыс болған Текетаев Сей- сенбектің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе

дамыту бөлімі» және Жарқайың ауданының «Дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен хабарлайды.
Шағым Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Жарқайың аудан- ны, Державинск қаласы, Захаров көшесі, 37 мекенжайы бойынша хабар- ландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады.
Байланыс телефоны 8 (71648) 9-18-51.

санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары және медициналық ұйымдар қорытынды дезинфекция жүргізеді.
«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының мамандары жігіті ішек инфекцияларымен ауырған науқастың ошағында қор- ғытғынды дезинфекцияны ҚР қолдануға рұқсат берілген дезинфекциялау препараттарын қолдана отырып жүргізеді. Науқастың пайдаланған тұр- мыстық заттарын, балалардың ойыншықтарын, санитарлық жабдықтарды, жеке қолданған заттарын дез ерітіндімен залалсыздандырады. Сонымен қатар аурудың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, жа- дынама парақшалары беріледі.

«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының директор орынбасары С.М. Сапарова.

мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат, тел. 87022334499.

• БАЙҚАУҒА!

(Жалғасы. Басы өткен №71 санда)

– «Кімді ойласаң сол келеді» – деген сөз рас екен. Әлгінде ғана сені есіме алып едім, Колька...

– Өзгенің өзінді сағынып, жақсылықпен есіне алғаны дұрыс нәрсе ғой. Үйде біреу бар ма?

– Ешкім жоқ. Қатын кияр, қызанақ сатуға базарға кеткен. Біраз уақыттан соң келіп қалар.

– Өзірге соның келмей тұрғаны дұрыс! Ақылдасатын маңызды, екеуміз үшін де пайдалы шаруа бар, – деген Коля Сафин ашық тұрған қақпадан үйге зып етіп жылдам еніп кетті.

– Мынау менің көптен көрмеген досыма әкелген базарлығым.

Көйлек етегімен жасырылған шалбарының ышқырындағы бір жартылық «столичный» арағын шығарып, үстел үстіне тық еткізіп қойды. Жайғаса отырған «Косойдың» бетіне үй иесі аса бір риза жүзбен қарай қалған.

– Бәрекелді. Осылай жиірек келіп тұрсаңшы, Никола, – деп қуана да қулана күлген Дмитрий екі жүз граммдық қырлы стакандармен бірге, столға тіске басар екі-үш тал кияр мен қызанақ әкеліп қойды.

– Дима, алдымен сен мынаны айтшы. Тракторыңның жағдайы қалай, жүре ме?

– Жүргенде қандай. Тек газды қаттырақ басып, рөлді керек жаққа қарай бұрап үлгерсең болды, ұятқа қалдырмайды.

– Онда бүгін кешке, жұмыстан соң көлігіңді үйіңе әкеліп қой. – Николай қырлы стақанға құйылған арақты қағып салып, келген шаруасына көшті...

* * *

...Төсегінде шөнініп жатқан күйінде темекісін будақтата тартқан Николай орнынан жеңіл ырғып тұрып, тарамыстай қатты, әлді саусақтарымен үйге келген үшеудің қолын кезекпен, күшырлана қысты.

– Өздеріңді жәйдан-жәй шақырмайтынымды білесіңдер ғой. Қысқаша қайырғанда, бүгін сендерді бір жақсы іс күтіп тұр...

– Мы готовы как штык! – деп, іле-шала күле тіл қатқан Валераны «Косой» оқты көзімен атып, бетіне жақтырмай қарады.

– Үлкендер сөйлегенде сөзді бөлмеуді қашан үйренесің? – деген ол «соңымнан еріндер» дегендей ым қакты да, үйден жылыстап шыға берді.

Үшеудің алдына түсіп, тіл қатпастан жүріп отырған «Косой» қаланың сыртындағы Қаратал өзенінің жағасына барып бір-ақ тоқтады. Иә, талай сазгер мен акынның өлең-жырлары мен әндеріне арқау болып, тарау-тарау тарихтың куәсіне айналған, бақ қонып, құт дарыған, қойны бал татыған балыққа, айналасы құстар мен қоян, түлкі сияқты табиғат байлығына толы қасиетті өзен – Қаратал ғой бұл.

– «Пахан», алдағы істің не екенін біле алмай, қыстығып өліп барам, – деп ағасының жүзіне барлай қараған Валераға «Косой» сұқсырдай суық өңін сәл жылытып, ыңырана тіл қатты.

– Жұмыссыздықтан іштерің пысып қалған болар. Бүгін «қант» операциясына шығамыз. Операция жүргізетін нысанды ешкімге күдік тудырмастан, алдын ала зерттеп қойғанмын...

Николай бүгінгі жорықтың жоспарын тәптіштей түсіндіріп, әрқайсысының атқаратын міндеттеріне шейін анықтап берді. Күтпеген жағдай туа қалғанда кімнің қайда тұрып, не істейтінін су жағасындағы майдар сары құмға сыза отырып түсіндірді.

– Күзет аса мықты болып, жазымға ұшырамаймыз ба? – деді үшеудің ішіндегі жасы үлкені Сергей.

– Тауекелге бармаған шампан ішпейді. – Валера Николайдың жауабын тоспастан, «так» еткізе жауап беріп, ағасының бетіне жағымпаздана көз тастады. Валераны қостағандай ыңғай

танытып, сәл езу тартқан «Косой» лезде түсін суытып ала қойды:

– Сергей, сен қоянша қорқып тұрсаң – бірден айт. Және біздің манайымыздан ешқашан жүрмейтін бол. Оның ашуланғандағы түрі өте сұсты да қорқынышты еді.

– Мұндай босбелбеу, сен сияқты қорқақ қояндарға зонада не істейтінін білесің бе өзің?

– Қорқып тұрғаным жоқ. Сақтық ойлағаным... – деген Сергей қипақтап, сөзінің артын жұтып қойды.

...Уақыт түн жарымынан кете бере Николайдың қылмыс тобы орнынан

тұрып қалған. Бұл кезде Жения Палкин сақтық үшін дарбаза сыртындағы қалың ағаштың арасында «атаста», яғни сақшылықта тұрған еді.

Николай бөлтіріктерін ауыздандырған қорқау қасқырша, екі бауырын соңынан ертіп, ауладағы ұзыннан ұзын етіп салынған қойма есігінің алдына барып тоқтады. Сақтық үшін бір сәт тыңдап тұрды да, қолындағы шегесуырғышын Сергейдің қолына берді.

– Қане, құлыпты бұз!

Жиені қолындағы сайманмен құлыпты әрі-бері нұқығанымен, ештеңе шығара алар емес.

– Ой, келепайсыз. – Шегесуырғышты оның қолынан жұлып алып Валераға ұстатты.



қозғалды. Бұлар кеш түскеннен бері ел аяғының әбден басылуын күтіп, бейуақ келетін ұятсыз ұйқыны қуып, сергу үшін ащы чефир ішіп отырған.

– Ну, пора! С богом, – деген топ басышы әлгінде ғана түнделетіп келген Дмитрийдің тіркемелі тракторының кабинасына қарғып мініп, қалғаны тіркеме қорабына жайғасты.

Тамыз айының күндізгі аптабының қызуы қайтқанмен, түн бәрібір ыстық әрі қапырық. Ай жарығы сүттей. Бірақ, «түн жарық екен, біреулер байқап қалар» деп, айылын жиған ешкім жоқ, тіркемеде бау тербеліп келеді.

Трактор қаланың оңтүстік батыс жағындағы, шлақ дарбазамен қоршалған «Мұнай өнімдері» кәсіпорнының сырт жағына келіп тоқтады. Николай Сафин арбадан жеңіл ырғи түсе сала тың тыңдап сәл тұрды да, адымдай басып, күзетшінің үйшігіне таяды. Жүрісі еркін, бұқпантайлап, жасқану ойына да келмейтін сияқты. Ұрлық жасауға келген адам емес, бейнебір, түнделетіп нағашылап жүрген жиендер дерсін!

«Косой» келіп тоқтаған бетте қолындағы ұзындығы жарты құлаштан сәл ғана ұзынырақ шегесуырғышты көз ілеспес шапшаңдықпен сілтеп-сілтеп жіберіп, күзетші үйшігінің терезесін сыңғырлатып сындырып түсірді. Артынша жеңіл ырғып, терезеден ішке секіріп түсті. Тәтті ұйқы құшағында бұйығып жатқан күзетші не болғанын түсініп те үлгерген жоқ. Басын көтеріп, орнынан тұруға оқталғаны сол еді, әлдебіреудің дәл төбесінен сарт еткізіп ұрған темірдей жауан жұдырығының ауыр соққысынан есі ауып, көздері алая құлай берді. Артынша қақпа ашылып, трактор аулаға енді.

Сергей мен Валера арнайы дайындап әкелген екі-үш құлаш сымтемірмен оның аяқ-қолын матап, темір төсегіне таңып тастағанын, есепсіз жатқан байқұс күзетші сезбеді. Олар енді басы бұйрығын тосып, үнсіз состиып

– Қане, сенің қалай жұмыс жасағаныңды көрейік. Тез қимылда, балабақшада ойнап жүрген жоқсың.

Қанша әуреленгенімен құлып оның да ыңғайына көнер емес.

– Бүйтіп ұры болғандарыңды ұрайын сендердің. – Сайманды жұлып алған ол, көз ілеспес жылдамдықпен құлыпты бір-ақ рет ырғап, жерге топ еткізді.

– Міне, ұры деген осылай жұмыс жасауы керек. Жырғалмай, тезірек қаптарды арбаға тиендер!

Мекеме қоймасының табанынан төбесіне шейін сықтата үйілген қапталған қантты көрген ұрылардың көздері шырақша жанып, іске дереу кірісіп кетті...

* * *

...Алматы облысының Қаратал, Ескелді, Кербұлақ, Көксу, Сарқан аудандары мен Текелі қаласындағы кезек-кезек, екі күннің бірінде жасалып жатқан ірілі-ұсақты қылмыстардың ашылар түрі жоқ. Қылмыскерлер ұсталып, құрықталмайынша ел ішіндегі болмағанды болғандай етіп асыра айтылатын қаңқу сөздер Жетісу өңірінде желдей есіп тұр. Аталған аудандардың Ішкі істер бөлімінің бастықтары Алматы облыстық Ішкі істер департаментінің бастығы генерал Дәрменов Омар Серікұлы облыстық кеңесте неше рет орнынан тұрғызып ит сілікпесін шығарған. Бірақ, олар: «Ашамыз, жолдас генерал. Қауырты жұмыс жасап жатырмыз. Көп кешікпей қылмыстық топ құрықталады...» деген уәдемен кілкіген май ішкізгендей әбден тойдырып бітті.

...Кешкі апақ-сапақ кезінде генерал Дәрменов хатшысы арқылы Талдықорған қалалық ІІБ департаменті Тергеу басқармасының бастығы полиция полковнигі Қайсенов Абылай Әзімханұлын кабинетіне шақыртып алды. «Не мәселемен шақырды екен? Бір шұғыл тапсырма бар-ау, сірә...» – деп ойлаған полковник басы қозғалмай

айтылған уақыттан он бес минут ерте келді.

– Генерал мырза, полковник Қайсенов сіздің бұйрығыңыз бойынша келіп тұр! – деп, емен есіктен енген бетте устав бойынша шекесіне қолын қойып сәлемдесу рәсімімен сіресе қалды.

– Кел, полковник, кел... – Генерал төрде отырған орнынан тұрып Абылай Әзімханұлымен қол қысып амандасты. Бағынышты әріптесінің қызметтік міндетін өте тиянақты, тез және бұлжытпай орындайтын әдеті өз алдына, оның ар тазалығы мен биік адамгершілік қасиеттерін жақсы білетіндіктен, генерал Дәрменов полковник Абылай Қайсеновты қатты құрметтейді. Сондықтан, басқалармен қатынас жасағандай емес,

көп жағдайда ресмилікті қойып, атымен атап сен деп сөйлесе береді.

– Отыр, Абылай. Шақыруыма таңданып отырған шығарсың. Аудандардағы өрттей өршіп тұрған криминалдық жағдайды біліп отырсың. Онсыз да тығыз уақытты өлтірмей, тоқетерін айтайын. Қылмыстың алдын кесіп, тез арада құрықтау мақсатында облыс бойынша бірнеше оперативтік топ құрғалы отырмыз. Сол топтың бірі – Қаратал ауданында жұмыс жасайтын болады. Сен сол өңірдегі топты басқар, яғни өкілетті өкіл болып бар. Егер қажет деп тапсаң, қасыңа бір тәжірибелі көмекші қосып берейін...

– Маған білдірген сеніміңізге үлкен рақмет, генерал мырза. Көмекші қажет болмас, ондағы жігіттер де жеткілікті ғой. Қолдан келгеннің бәрін жасаймыз.

– Жақсы, Абылай, саған сенемін. Тек бір ерекше ескертерім, жеке құрам мен өзіңнің аман болуыңды естен шығарма. Қылмыстарының артына тырнақтай да із, айғақ қалдырмай, соншалықты таза істеуіне қарағанда, қылмыстық топты өте тәжірибелі, сауысқандай сак және аса салқынқанды қылмыскер басқарып отыр. Және із суытып, адастыру мақсатында, бір орында тұрақтамай, әр ауданға «күтпеген қонақ» – гастролер болып жүр. Әйтеуір, Жаратушының: «сақтансаң-сақтаймын» деп айтқанындай, тағы да қайталаймын, жеке құрамның арандап қалуына жол бермеңдер – деп, генерал орнынан тұрып, полковниктің қолын қатты қысты.

* * *

...Полковник Абылай Қайсенов Қаратал аудандық ішкі істер бөліміне келгенде, түскі ас ішу мезгілі аяқталып, жұмыс уақыты басталған еді. Телефон арқылы алдын ала хабарланғандықтан, акт залына кеңеске қатысуға тиісті адамдардың барлығы жиналып отыр екен.

– Сәлеметсіздер ме, қырандар! Көңіл-күйлерің қалай? Қылмыскерлерді, бірін қалдырмай бәрін құрықтаймыз ғой.

Қаз-қатар отырған сайдың тасындай жігіттерге жағалай көз салып шықты. Арасындағы бірді-жарым жас маманды қоспағанда, басқаларының бәрі таныс жігіттер. Анау майор Батан Сәлімов қысқы болсын, жазғы болсын, талай спорт жарыстарында өзіне қарсылас болып, бірде ол, бірде өзі озып жүрген мықты спортшы – аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары. Мынау отырған палуан мүсіндес Асхат Аханов бойы асқа, адымы қысқа болғанымен, ұзақ қашықтыққа жүгіруден алдына жан салмайтын стайер және дене бітімі айтып тұрғандай – мықты палуан. Лауазымы – аудандық ІІБ бастығының саяси және тәрбие істері бойынша орынбасары. Анау аға лейтенант Зубков Сергей, Эм Алексей, Нам Эрик пен Ержан Нұрахметов сияқты білікті, қайтпас, қайсар және ержүрек жігіттермен тау қопарып тастауға болады. Тек, ақылмен басқарып, жағдайдың өрістеуіне қарай дұрыс бағыт сілтей біл. Бұлардан басқа, қылмысты іздестіру

бөлімінің инспекторлары, криминалист, аудандағы участок инспекторлары мен тергеушілердің бәрі жиналыпты. Садақ адырнасындай шырғылп отырған жігіттерді сәл болса да жеңілдендіріп, ресмиліктен арылту үшін біреу әзіл, қалжың айтып, күлісіп алған соң, полковник оперативтік кеңесті бастады.

Ауданда орын алған криминалдық жағдайларды әр офицер өзіне жүктелген тапсырма бойынша толық баяндап, бәрін мұқият тыңдады. Туындаған қосымша сұрақтарға орай, тиесілі жауаптарын толығымен алған полковник Абылай Әзімханұлы:

– Бұл қалай, жігіттер? Қызметтік ақпарат журналынан аудандағы барлық криминалдық жағдаймен келе сала жете танысып шықтым. Кісі тонау, үй үштеп кету мен мал ұрлығы өршіп тұр. Сол қылмыстардың бір де біреуі ашылмаған, – іске жауаптыларды орнынан тұрғызып уәжін тыңдады.

...Бүкіл саналы өмірін еліміздің тыныштық сақтау қызметіне арнап келе жатқан полковник Қайсенов қылмыстық топтардың тап осылайша еркіңсіп, есіргенін, тіпті шектен шығып: «ал ендеше, не істейсіңдер?!» деген басынғандық әрекетін көрмепті. Сұмдық-қой! Ел іші гу-гу әңгіме. Мұндай жағдайда, болмаған нәрсенің өзін болғандай етіп әсірелеп, көптіріп жіберетін елдің әдеті емес пе: «Ойбай, біздің Қаратал ауданына Ресейден атақты банда келіпті. Мынау сұмдықтардың бәрін жасап жүрген солар екен. Қарсы келгендердің басын кесіп, бағанаға іліп қоятындықтарын қағазға жазып кетіпті» деген қауесет өршіп тұр. Елдің әсірелейтін де жөні бар. Қылмыс дер кезінде ашылмаса, ондай ертегіге бергісіз көпірме әңгімелердің тарап кететіндігі белгілі ғой. Кеңестегі сөздеріне қарағанда, жігіттер іздемей жатқан жоқ. Шапқылап, аяқтарынан сарсылуда. Алайда, қолда ілік болмағандықтан, еңбектері еш кетіп, қылмыскерлер білгенін істеп, бостандықта сайрандап жүр.

* * *

... «Қант ісі» бойынша осымен екінші рет із кесіп көруге бел байлаған полковник қылмыс орын алған маңды шұқшия зерттеп жүр. Еш нәтиже жоқ!

Ендігі бір сәтте... Пәлі, мынау сұмдықты қара! Тәжірибелі із кеушінің қырағы көздері жағдайды байқағаннан-ақ істің мән-жайын дереу пайымдап үлгерді.

Пәлекеттер, ұрлық орнынан шыққаннан-ақ трактор тіркемесінің артына екі жағына бірдей ағаштың үлкен бұтақтарын байлап алғаны анық байқалды. Көлік қанша жүрсе де тарбиған қалың бұтақтар трактор мен тіркemeniң ізін қолма-қол сыпыртқыша сыпырып, жойып отырған. Даңғыл жолға шығысымен бұтақтарды ағытып тастап, әрі қарай жол тартыпты. «Көззаттар! Бастарындағы осы ақылдары мен дәл осы қабілеттерін қылмысқа емес, ел-жұртқа пайда келтіретін ізгі іске жұмсаса ғой. Енді іздеп, тауып көр, бір мая шөптің ішінде жоғалған инені.

«Тышқан ізіндей болса да із қалдырмауы мүмкін емес. Бұрылыс, қиылыстарды қайта мұқият қарап шығу керек», – деп ойлаған полковник әлігінде тексеріп өткен жолдармен кейін қарай жүрді. Бұрылыс, қалтарыстардан бір ілік тапсашы, бәрі таза. Қуантарлық ештеңе байқалатын емес, «Опа. Стоп!» тар көшеден үлкен жолға түсер бұрылыста тіркemeniң оң жақ дөңгелегінің ізін «сыпырғыш» «байқамай» кесуірмай кетіпті. Бар-жоғы он бес-жиырма сантиметр көлеміндегі көзге көрінер-көрінбес іздің бедері сары топыраққа көмескі болса да түсіп қалыпты. «Мынау құдды, қазақ детектив жанрының атасы Кемел Тоқаев ағамыздың «Көмескі із» кітабындағы сияқты болар болмас із ғой» деп құбірлестен ол папқасынан жалма-жан қағаз, қарындашын суырып алды.

Ғабдул-Сәбит ЮСУПОВ,
Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі
(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы Нұрбол Әлдібаев
облысы 8 701 357 66 84.
Ақтөбе Жансая Есмағанбетова
облысы 8 705 398 62 83.
Атырау Боранбай Ғалиев
облысы 8 775 543 03 80.
Маңғыстау Жазира Әбіл
облысы 8 702 514 54 44.
Қызылорда Гүлбану Мақажан
облысы 8 701 697 39 86.
Түркістан Сейітхан Құлмаханбетов
облысы 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Нұрлыбек
Қазақстан Рахманов
облысы 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5128 дана
Апталық таралым 10 256 дана

Тапсырыс №105 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты та-лап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтар-да** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31